Әділет

Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

№7-8 (15). 6 наурыз, 2018 жыл | Газет 2017 жылдың 12 қыркүйегінен шыға бастады | Біздің сайтымыз: adiletgazeti.kz





Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың

“ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ”

атты халыққа үндеуі

Құрметті қазақстандықтар!

Наурыз айының еліміздің Тәуелсіздік күнтізбесінде ерекше орны бар.

Біз көктемнің алғашқы күнінде Алғыс айту күнін атап өтеміз.

Сонымен бірге, бұл – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы шуақты көктем айының еншісінде.

Қымбатты әйелдерімізді де мерекесімен наурыз айында құттықтаймыз.

Осы ізгі оқиғалардың бәрі Қазақстан халқын біріктіре түседі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы да осыған бағытталған.

Біз елдің бірлігі мен мемлекеттің сындарлы саясатының арқасында барлық сынақтардан абыроймен өттік.

Ел иесі қазақ халқының маңына ұйысқан барша этностар оны жоғары бағалайды.

Бүгінде Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында «Қазақ еліне мың алғыс» атты монументтер бой көтерген.

Бұл ескерткіштерді еліміздегі түрлі этностық топтар бастарына күн туған кезде бауырына басқан қазақтың жері мен еліне алғыс ретінде өз бастамаларымен тұрғызды.

Қазақ халқы да оларға ұлттық тарихымызға көрсеткен зор құрметі үшін алғысын білдіреді.

Осындай өзара құрмет пен сенім мызғымас ел бірлігіне негіз болса, ізгі шаралар халқымыздың кең пейілі мен дархан көңілінің айқын көрінісіне айналуда.

Жақсылықты жадында сақтай білген елдің рухы қашан да биік.

Заманауи Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрбір отандасымыз өз үлесін қосты.

Мен этно-мәдени бірлестіктерге де айрықша ризашылық білдіремін.

Біз, бәріміз бірге өте күрделі, қиын замандардан өттік.

Тәуелсіздіктің ең тағдыршешті сәттерінде мені әрдайым қолдаған халқыма да алғыс айтамын.

Өткен сайлаулардың бәрінде халқымыз мені бірауыздан қолдап, сайлады.

Мен үшін ең үлкен марапат – осы.

Елімнің қолдауы маған жұмыс барысында зор күш-жігер берді.

Мен халқымның өз келешегіне сеніммен қарауы үшін еңбек еттім, қазір де, болашақта да осы мақсат жолында жұмыс істей беремін.

Сол себепті, мен бүгін Қазақстан Республикасы Парламентінің қабырғасынан жаңа әлеуметтік бастамалар көтеріп, халқыма үндеу жариялағалы отырмын.

Бұл қадам талайдан бері менің көкейімде жүр.

Бірақ, Қазақстан алдымен бойына күш, қазынасына қаржы жинап, қуатты елге айналуы керек еді.

Міне, сол күн де туды!

Бұл – біздің қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайту үшін жігерімізді жанып, нақты іске кірісетін сәт.

Біз оны ауқымды әлеуметтік жобалар арқылы жүзеге асырамыз.

Мемлекет осындай түбегейлі шараларды қолға алады.

«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» деген идея жаңа мағынамен толыға түсуге тиіс.

Жаңа ұсыныстардың маңыздылығын ескеріп, мен әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын әрі қарай жақсарта түсуге бағытталған жаңа әлеуметтік бастамаларымды өздеріңізбен талқылау үшін бүгінгі Парламент Палаталары мен Үкіметтің бірлескен отырысын шақырттым.

Бірден айтайын: бүгін айтылатын ұсыныстың бәрі – есеп-қисабы мұқият жасалған бағдарлама.

Бұл – елдің игілігіне арналған ұтымды, сонымен қатар, оптимистік жоба.

Мен өркендеген Қазақстан – ең алдымен мемлекеті өзін қорғап, қолдайтынын, қамқорлық жасайтынын сезінетін, тиісінше елін жан жүрегімен сүйетін, өздеріне сенімді адамдар деп санаймын.

Сол себепті, біз бүгін жаңа, ауқымды әлеуметтік жобаларға жол ашамыз.

3

➢ Халық пен билік

ҚАҒАЗДАҒЫ ҚАНТТАЙ ТІРЛІКТЕРДІҢ ІС ЖҮЗІНДЕ БАСҚАША БОЛАТЫНЫ ҚАЛАЙ?



Шымкенттегі «Түркістан» сарайында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев 2017 жылы атқарған жұмыстары жайында есеп берді. Есепті кездесуге Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиев, Қазақстан Республикасы Премьер-министр Кеңсесінің бас инспекторы Марат Жексембин, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Мұрат Имандосов, «Нұр Отан» партиясының жауапты хатшысы Ғабидолла Әбдірахымов қатысты. Жиынды өңір жұртшылығы интернет арқылы тікелей эфирден көру мүмкіндігіне ие болды . Кездесу облыс әкімдігінің ресми сайты мен әкімдіктің Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасы арқылы тікелей эфирге трансляцияланды. Сонымен қатар облыс әкімінің есебіне барлық аудан, қалалардың тұрғындары тікелей бейнебайланыс арқылы қатысып, өздерінің сұрақтарын жолдады. Алдын ала жарыс-сөзге жазылғандардың арасынан тек Шымкент қаласындағы Абай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ұлықпан Бәшенов қана сөз сөйледі. Неге екені қайдам, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары А. Жұмағалиев сөзге шықпай қалды. Есесіне өңір басшысына сауал қоюшылар мен арыз-шағым айтушылардың қатары көп болды. Жайшылықта қарапайым жұртшылықтың облыс, қала басшылары түгіл, аудан әкімдерінің қабылдауына кірудің өзі мұң екені баршаға белгілі. Сол себепті мұндай мүмкіндікті тиімді пайдаланып, өздерінің өтініш, талап-тілек, ұсыныс-пікірін білдіргісі келетіндердің де жағдаяттарын әбден түсінуге болады.

Өңір басшысының тезистері алдын ала «Жыл есебі» атты айдармен «Жаңғырудан – жарқын болашаққа» тақырыбында баспасөз бетінде жарияланғандықтан, оған толыққанды тоқталуды жөн көрмедік. 2017 жылы ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемі 522,4 миллиард теңгені құрап, 2016 жылмен салыстырғанда 42 миллиард теңгеге артқан. Өндірілген өнім көлемі бойынша облысымыз республикада екінші орынды еншілеп тұр. Инвестиция тарту жөнінен елімізде көш бастап келеді. Былтыр 482 миллиард теңге инвестиция құйылып, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 20,2 пайызға артқан. Шетелдік инвесторлармен 40-тан астам кездесу өткізілген. Нәтижесінде Ресей компанияларымен бірнеше шағын су электр стансаларының құрылысы, Қытай компанияларымен биоэтанол және фосфор тыңайтқыштары зауыттары, сондай-ақ күн сәулесінен электр қуатын өндіретін электр стансасының құрылыстарын жүргізу жөнінде келісімдер жасалған. Түбі бір түрік халқымен қарым-қатынасымыз күн санап нығая түсуде. Өкінішке орай, облысымыздағы 11 индустриялық аймақтың қазіргі таңда екеуі неліктен жұмыс істемей тұрғанын біле алмадық.

2

1998-2018: ЖИЫРМА ЖЫЛДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР



Нұрлан Қуатбеков

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздегі білім беру жүйесіне көптеген реформалар мен өзгерістер енгізілді. Соның бірі – жекеменшік жоғары оқу орындарының ашылуы дер едік. Жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған университеттер мен институттардың кейбіреулері өскелең заман талабына ілесе алмастан жабылып қалды. Сөйтіп ел арасында түрлі жағымсыз әңгімелердің өрбуіне себепкер болды.

Ал профессор-оқытушылар құрамы сайдың тасындай іріктелген, студенттер жастары білім мен өнерге ыстық ықыласпен ұмтылғандары өздерінің ағартушылық-педагогикалық жұмыстарын жүйелі жалғастырып келеді. Міне, сондай ел сенімін ақтаған ұйымшыл ұжымдардың бірі әрі бірегейі – Шымкент қаласындағы Инженерлік-педагогикалық Қазақстан Халықтар достығы университетінің құрылғанына биыл 20 жыл толып отыр. Қаншама талантты түлектер шығарған бұл жоғары оқу орнының абырой-беделі күн санап артып келеді. Бүгінде мұнда 7 мыңға жуық студенттер мен магистранттар тәлім-тәрбие алуда. Олар 30 бакалавриат және 14 магистратура мамандықтары бойынша білім алып жүр. 30 ұлт пен ұлыстың өкілдері бір ананың баласындай тату-тәтті тіршілік етіп, білім нәрімен сусындауда.





Арыс қаласындағы жетімдер үйінің түлектеріне айрықша қамқорлық көрсетіп, олардың жоғары білім алып шығуына жәрдемдесіп келеді. Қытай еліндегі Шыңжан жоғары оқу орнымен, Ресейдің Мәскеу қаласындағы Халықтар достығы университетімен, И. М. Губкин атындағы мемлекеттік мұнай және газ мамандарын даярлайтын университетпен тығыз әріптестік қарым-қатынас орнатылған. Мұнда ауыз толтырып айтарлықтай тағы басқа да жағымды жаңалықтар өте көп екен.

Аталмыш жоғары оқу орнының мерейлі мерейтойымен шынайы құттықтап, олардың ұрпақ тәрбиелеу жолындағы педагогикалық қызметтеріне толағай шығармашылық табыс тілегіміз келеді. Осыған орай біз аталмыш жоғары оқу орнына барып, ондағы басшылармен, профессор-оқытушылар құрамымен және студенттермен сұхбаттасып қайтқан болатынбыз. Енді соны Сіздердің назарларыңызға ұсынуды жөн көріп отырмыз.

4

ҚАҒАЗДАҒЫ ҚАНТТАЙ ТІРЛІКТЕРДІҢ ІС ЖҮЗІНДЕ БАСҚАША БОЛАТЫНЫ ҚАЛАЙ?

(Соңы. Басы 1-бетте).



Республикадағы барлық жылыжайлардың 80 пайызы біздің өңірімізде орналасқанымен қызанақ пен қиярдың бағасы қымбат. Мал шаруашылығын дамытуды көздейтін «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының орындалуы бойынша республикада бірінші орынды иеленгенімізбен, біздегі ет пен сүттің бағасы да удай.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 5,3 пайызға өсіп, 721,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Облыстағы 7482 отбасы баспанамен қамтамасыз етілген.

Денсаулық сақтау саласында 38 нысанның құрылысы жүргізіліп, нәтижесінде 33 нысан, соның ішінде жеті дәрігерлік амбулатория, бір ауылдық емхана, 17 фельдшерлік-акушерлік пункт, бес медициналық пункт және тағы басқа да үш денсаулық сақтау нысаны пайдалануға берілген. Медицина мамандарын қайта даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша 7567 маман, соның ішінде 80 маман шетелдерде өз білімін жоғарылатқан. Атап айтар болсақ, Ресейде – 32, Оңтүстік Кореяда – 19, Түркияда – 15, Беларусьта – 8, Монғолияда 6 дәрігер біліктілігін жетілдіріп қайтқан.

Облыста жаңадан 133 мектепке дейінгі білім беру ұйымы ашылып, онда 14 мыңға тарта орын пайдалануға берілген. Жалпы алғанда, 29,8 миллиард теңгеге 82 білім нысанының құрылысы жүргізіліп, жыл соңында 32 нысанның құрылысы аяқталған. Соның ішінде сегіз апатты және 13 үш ауысымды мектептің мәселесі шешілген. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес педагог кадрларды қайта даярлаудан өткізу мақсатында 7197 педагог қайта даярлаудан өтіп, 11131 педагог біліктілігін арттырған. Жаңартылған ғылымның жекелеген пәндерін ағылшын тілінде оқытуға көшіру бағытында информатика, физика, химия, биология пәндері мұғалімдерінен 2579 педагог ағылшын тілі бойынша біліктілігін арттырған. Бүгінде облысымыздағы үш лицей-интернатында аталмыш пәндер ағылшын тілінде оқытылуда. «Цифрлы Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыс орталығында Smart Ontustik Bilim жобасы жүзеге асырылуда. Соның арқасында педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау автоматтандыру үрдісімен жүргізілуде. Қазіргі күнге дейін педагог қызметкерлерден 718 өтініш беріліп, 495 педагог жұмысқа қабылданған. Білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру бойынша мектепке дейінгі білім ұйымдарына балаларды орналастыру үшін balabaksha.shymkent.edu.kz жүйесі арқылы 67756 өтініш қабылданып, 27500 жолдама электронды түрде берілген. Қала мектептеріне енгізілген mektep.shymkent.edu. kz жүйесі арқылы 21945 өтініш түсіп, қала мектептерінің бірінші сыныбына барлық оқушылар электронды түрде қабылданған. Білім беру ұйымдарын онлайн режимде басқару бойынша kundelik.kz жүйесінің функциясы мобильді түрде кеңейтіліп, аталған жүйеге облысымыздың 779 мектебі қосылған. Алдағы уақытта мұғалімнің сынып журналы, сабақ кестесі, күнтізбелік және сабақ жоспарлары, үй тапсырмалары бойынша жұмыс істеудің мобильдік қосымшасы енгізілетін болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жайын сөз еткенде облыста 94 колледжде 74,2 мың оқушы 95 мамандық бойынша білім алуда. Соның ішінде мемлекеттік тапсырыспен оқитындар жалпы оқушылар санының 46,6 пайызын құрайды. Колледждердің бәріне «Баршаға арналған техникалық және кәсіптік білім беру» жобасы енгізілген. Соның негізінде «Кәсіпкер» холдингінің ұйымдастыруымен облыста 500 педагог жаңа бағдарлама бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтіп қайтқан.

Қазіргі таңда облыста жастардың 62 қоғамдық бірлестігі бар (2016 жылы –56). Сонымен қатар жеті республикалық жастар ұйымдарының филиалы мен этномәдени орталықтардың жанынан құрылған жастар қанаттары жұмыс істеуде.

Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі 92,1 пайызға жетіп, ағылшын тілін білетіндер 15,6 пайызға артса, үш тілге де жетік азаматтар халық санының 10, 5 пайызын қамтыған. Облыста мемлекеттік және орыс, ағылшын тілдерін тегін оқытатын 15 орталық жұмыс істейді. Былтыр бұл орталықтарда 8176 тыңдаушы (қазақ – 3391, орыс – 1986, ағылшын –2799) тіл оқыту курстарына қатысқан.

Жастар тәжірибесімен 5586 адам еңбекпен қамтылған. Тәжірибеден өткендердің 3424-і тұрақты жұмыс тапқан.

Былтыр 3377 азаматқа оралман мәртебесі берілген. Елбасының тапсырмасына сәйкес еңбек күші жетіспейтін солтүстік өңірлерге 163 отбасы (686 адам) қоныс аударған.

Облыста мәдениет саласын дамытуға 10,6 миллиард теңге қаражат бөлінген. Қазіргі таңда өңірімізде 735 мәдениет және өнер мекемесі халыққа қызмет көрсетуде. Олардың тарапынан Халықаралық – 14, облыстық – 30, клубтарда – 12526, 427 кітапханада – 1813, 25 музейде – 902 іс-шара, барлығы 31603 көпшілік іс-шаралары өткізілген. Кітапханалар 148,3 мың жаңа кітаппен толығып, кітап қоры 7,2 миллион данадан асқан. Ал кітапханалардың электрондық кітап қоры 23 мың данаға жеткен. «Ең көп оқылатын 100 кітап», «Ұмыт қалған 100 кітап», «Кітапханаға сый» акциялары өткізіліп, кітапханалар қорына 10,9 мың кітап сыйға берілген.

Өңір спортшылары былтыр ел чемпионаттары мен кубоктарына қатысып, 400 алтын, 396 күміс, 393 қола медаль еншілеген. Азия чемпионаттары мен кубоктарында 78 алтын, 53 күміс, 42 қола медаль иеленген. Әлем чемпионаттары мен кубоктарында 34 алтын, 21 күміс, 37 қола медаль жеңіп алған. 34 Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, сегіз Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген спорт шебері, 173 спорт шебері, 794 спорт шеберлігіне үміткер дайындалған.

61521 шетел азаматына жұмыс істеуге рұқсат берілген. Бюджетке 355 миллион теңге кіріс салығы түскен.

Түрлі лайықсыз әрекеттерге жол берген мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін бір жүйеге түсіру мақсатында облыс әкімі аппаратында облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бірыңғай тәртіптік комиссиясы құрылды. Аталған комиссия 16 материал қарап, 14 мемлекеттік қызметшіге тиісті тәртіптік шара көрілген.

Биыл да әлеуметтік нысандардың құрылысына айрықша назар аударылатын болады. Атап айтқанда, 41 мектеп, 7 емхана, 2 дәрігерлік амбулатория салынады. Мемлекеттік бағдарламалардың аясында 730 мың шаршы метр тұрғын үйдің құрылысы жүргізіледі. 13 елдімекен таза ауызсумен, 42 елдімекен табиғи газбен қамтылады. Shymkent City қалашығы жобасының аясында тұрғын үйлермен қатар «Шымкент-Арена» спорт кешенінің және «Конгресс-Холл» сарайының құрылысы басталатын болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан Шымкент қаласымен қоса-қабат Бәйдібек, Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Төлеби, Түлкібас аудандары мен Арыс қаласының стратегиялық қажеттіліктерін қамтитын «Шымкент агломерациясының аумақтарын дамытудың өңіраралық схемасы бекітілді. Бұл облыс орталығы мен оның айналасындағы аудандар мен Арыс, Ленгір, Сарыағаш қалаларының қарқынды дамуына серпін беретіні анық.

2018 жылы 20 ақпанда өткен алтыншы шақырылған облыстық мәслихаттың кезектен тыс XX сессиясында 304684 тұрғыны бар Мақтаарал ауданын бұрынғыдай Мақтаарал ауданы (әкімшілік орталығы – Мырзакент кенті), Асықата ауданы (Асықата кенті), Жетісай ауданы (Жетісай қаласы) етіп үш ауданға, ал 326915 тұрғыны бар Сарыағаш ауданын Сарыағаш ауданы (Сарыағаш қаласы), Келес ауданы (Абай ауылы) деп екі бөліп, бұрынғы аудан орталықтарын қайта қалпына келтіру ұсынылып отыр. Осылайша Келес ауданы төртінші рет қайта құрылмақшы. Аталмыш аудан 1928 жылы 17 қаңтарда шаңырақ көтерген. 1939 жылы бұл ауданнан Сарыағаш ауданы (орталығы – Сарыағаш ауылы) бөлініп шығады. 1963 жылы 2 қаңтарда Келес ауданы алғаш рет таратылып, оның біраз бөлігі Сарыағаш ауданына берілді. 1964 жылдың желтоқсан айында түгелімен жаңадан құрылған Шардара ауданына (орталығы – Абай ауылы) қосылған. 1969 жылы 13 қаңтарда Келес ауданы қайта құрылды. 1988 жылы 9 шілдеде екінші рет қайтадан Сарыағаш ауданының құрамына берілді. 1989 жылы 13 қазанда Келес ауданы қайта құрылды. 1997 жылы 24 сәуірде үшінші рет таратылғанда тағы да Сарыағаш ауданына қосылған. Облыстық мәслихаттың депутаттары осы үшін Ж. Қ. Түймебаевқа сессияда «Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағын беру туралы ұсыныс жасап та үлгерген. Бірақ бұл мәселенің көптен бері көтеріліп жүргені баршаға белгілі. Талай рет айтылып та, жазылып та әбден пісіп-жетілген шаруаның бәрін облыстың қазіргі әкіміне тели салғанымыз орынсыз болмақ.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында 50 жоба әзірленіп отыр. «Ақсу-Жабағылының алқызыл қызғалдағы» атты қызғалдақ, «Қымызмұрындық» атты қымыз қымыран, «Қауын fest» атты қауынқарбыз, «Агро fest» атты ауыл шаруашылығы өнімдерінің фестивальдерін, «Туған жерге тағзым» деп аталатын ауқымды іс-шара өткізу жоспарланған. Облысымыздың туристік әлеуетін көтеру мақсатында «Open Saryagash» атты гольф жарысы, «Safari Shardara» атты туристік форум өткізілмек. Жалпы, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы іріктеп алған 100 нысанның 25-і, яғни әрбір төртіншісі біздің өңірімізге тиесілі болғандықтан, Ұлы Жібек жолындағы өңірдің туристік әлеуетін тиімді пайдалану міндеті тұр.

Алайда, облысымызда шешімін таппастан қордаланып отырған өткір де өзекті мәселелер аз емес. Мұны басқосу барысында қойылған сұрақтардан айқын аңғардық. Мәселен, арыстық тұрғындарды газдандыру, түркістандық шаруаларды ағын судың азабы, сайрамдықтарды Ханқорғанның қазіргі хал-жағдайы, сарыағаштықтар мен созақтықтарды жұмыспен қамту, шымкенттіктерді көпбалалы аналар мен жастарды қолдау, жол жөндеу және қоғамдық көлік қызметіндегі орашолақ мәселелер мазалайды екен. Сөз орайы келгенде облысымыздағы 844 елді мекеннің 244-і ғана «көгілдір отынмен» қамтылғанымен тілге тиек етейік. Шымкенттегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқитын 100 мыңға жуық студенттің небәрі алты мыңдайы ғана жатақханамен қамтылған. Осы орайда студент және жұмысшы жастарға арнап Жастар үйлерін салу қажеттігі тілге тиек етілді. Өңір басшысы жиналғандарды ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу сияқты сауапты іске шақырды. Облыс орталығының ұлғайғаны сонша-лық оны Шымқала деп пе, әлде Шымдала деп атауымызды білмей қалдық.

Кездесу барысында өздерін толғандырып жүрген сауалдарға жауап ала алмаған жұртшылық біраз дүрлікті. Сөйтіп, олардың уәжін тыңдаған Жансейіт Қансейітұлы қайтадан мінбеге көтеріліп, өзінің жеке қабылдауына шақырды. Облыс әкімінің қабылдауына келген 34 азаматтың да айтары аз емес екен. Мәселен, шымкенттік Н. Смирнова жалпы қолданыстағы жерді көршісі өзінің атына аударып алып қойғаны жайында шағымданған. Төрт жылдан бері айтысып-тартысып, сот-тасып, әділдік таппай жүргеніне қынжылыс білдірген. Ақтас ауылының тұрғыны К. Жайнованы су, газ, жарықпен қоса мектепте интернеттің жоқтығы мен медициналық тірек мәселесі мазалайды. Шымкенттік Д. Кемелбекова тұрғын үйінің құжаттарын рәсімдеуде қиналып жүргеніне шенеуніктерді кінәлайды. Өзгелерді құқық қорғау қызметінің сапасыздығы, мал ұрлығы, қоғамдық көлік мәселелері толғандырады екен.

Өкінішке орай жыл өткен сайын отбасы мен қоғамда әлеуметтік індет – суицид, яғни жасөспірімдердің өзіне өзі қол жұмсау оқиғалары қаулап, өршіп келеді. Облысымызда 2016 жылы осындай 369 оқиға (228-і оқталған, 141-аяқталған), ал өткен жылы 381 оқиға (245-і оқталған, 136-сы аяқталған) тіркелген. Биылғы бір аптаның ішінде Шымкенттің өзінде осындай жантүршігерлік екі оқиға орын алған. Оның себеп салдарына тереңдеп үңіліп жүрген ешкім жоқ. Былайша айтқанда, бүгінде қоғамдық дертке айналған суицид «жабық тақырып» ретінде жабулы қазан жабулы күйінде қалып отыр. Енді бұған жаңадан отау құрған жас отбасылардың үштен бірінің ажырасып отырғанын қосыңыздар.

Облысымызда кадр саясаты мен идеологиялық жұмыстар жүйелі жүргізілмей келеді. Атап айтқанда, білім басқармасына басшы тағайындау мәселесі ұзақ уақытқа созылып барып шешілді. Ішкі саясат басқармасы, Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы, Жұмат Шанин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры талайдан бері бірінші басшысыз отыр. Өңіріміздің идеология саласы ақсап келеді. Ішкі саясат басқармасының жұмысы көңіл көншітпейді. Атап айтқанда, олар өткен жылы өздері жариялаған Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын насихаттаушы облыстық «Үздік ақпараттық-насихаттық топ», «Үздік насихатшы» аталымдары бойынша жеңімпаздарды марапаттау конкурсын (оның ережесі облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 2017 жылғы 12 тамыздағы № 132-133 (20370-20371) сандарында жарық көрген) аяқсыз қалдырды. «Конкурстың мерзімі ұзартылды» (қараңыздар, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеті, 2017 жылғы 21 қазан, № 174-175 (20412-20413) деп қосымша хабарландыру да берді. Сөйтіп, 2017 жылғы 15 қарашаға дейін созылған конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі жылғы қараша айының үшінші онкүндігінде Шымкент қаласында өтетін болып белгіленді. Ақыр аяғында сиырқұйымшақтанып сағызша созылған бұл конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері әлі күнге дейін анықталмай отыр. Бұған талайдан бері бірінші басшысы жоқ облыстық ішкі саясат басқармасы ма, жоқ әлде аталмыш басқарма тарапынан бекітілген конкурстық комиссияның мүшелері кінәлі ме, сол жағын білместен, дал болып отырмыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары да көңіл көншітпейді. Былтыр облысымызда сыбайлас жемқорлық қылмыс жасады деген айыппен 67 шенеунікке үкім шығарылған. Олардың 37-сіне жаза айыппұл салу түрінде тағайындалған. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы – 340 миллион теңгені құрап отыр. Өңір басшысы осындай аса өткір мәселе жайында да сөз қозғаған жоқ.

Көпшілікті «Ел дегенде емініп, жұрт дегенде жұмыла жұмыс істеуге» шақырған өңір басшысы ауылдың өз шебері, диқаны мен шопаны болуға тиіс екенін ескертті. Иә, кешегі министр, елші, бүгінгі әкім, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Ж. Қ. Түймебаев инвестиция тарту арқылы экономика саласын өркендетуге көп күш салып отырғаны орынды-ақ. Түптеп келгенде инвестиция дегеніміздің өзі не? Шетелдік компаниялар мен «Банк Хоум Кредит», «Сбербанк» секілді банктердің бүйірін томпайтқаннан не пайда табамыз? Жансейіт Қансейітұлы руханият саласына оншалықты көңіл бөлмейтін сыңайлы. Әсіресе, бүгінде тірліктері тым қожырап кеткен шығармашылықпен шұғылданатын қоғамдық ұйымдардың жұмысынан бейхабар көрінеді. Олардың көпшілігінің басы бүтін ғимараты жоқ. Мәселен, Қазақстан Суретшілер одағының облыстық филиалына қарасты ғимарат қолды болып кеткен. Ғалымдар, ақын-жазушылар, журналистерді қолдап-қуаттау, жазған-сызғандарын баспадан шығару, мерейтойларын өткізу, марапаттарға ұсыну, жер телімімен, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жаңа есімдерді табу жолындағы ізденістерде іркілушілік сезіледі. Осы орайда кәсіпкерлерге, байқуатты азаматтарға, меценаттарға танылмай жүрген зиялы қауым өкілдерін бір-бірлеп бекітіп берсе нұр үстіне нұр болар еді. Абай атындағы саябақтан Қаламгерлер аллеясын ашу – кезек күттірмес шаруа болуы керек. Өңір басшысы биыл өтетін Қазақстандағы Өзбекстан жылына орай атқарылатын жұмыстар жайында да ауыз ашқан жоқ. Еліміздегі өзбек ұлтының басым бөлігі біздің облысымызда тұратындықтан, өзара туысқан халықтардың достығын дәріптейтін кездесулер мен басқосулардың, фестивальдар мен форумдардың басым бөлігі Оңтүстік өңірінде өткізілетіні белгілі. Сол себепті біздің әрқайсымыз туысқан екі ел арасындағы үзіліп қалған әдеби, мәдени байланыстарды қайта жалғап, ізгілікті де игілікті іс-шараларды көптеп ұйымдастыруға ұйытқы бола білгеніміз жөн.

Өңір басшысының халық алдында берген есебін тыңдаған жұртшылық бейнебір жұмақ пен жәннатта өмір сүргендей керемет күй кешті. Көрсетілген бейнеролик пен жасалған баяндамаға қарап отырсақ, атқарылған шаруа ауқымды сыңайлы. Қысқасы, қағаз жүзінде, жалаң цифрларда бәрі жақсы. Тіпті «Апырай, баяғы, социализм кезінде армандаған коммунизмге біздің облыс жетуге жақын қалыпты-ау» деген ой да қылт етіп, төбе көрсететіндей. Ал сыртқа шықсаң, сол баяғы күйбең күйге қайта кезігесің.

Ж. Қ. Түймебаевтың тындырған тірліктерін таразылағанда ойымызға оралғандар осылар еді. Қағаздағы қанттай тірліктердің өмірде басқаша болуы қалай? Ал Сіздер бұған не дейсіздер...

Әбдісаттар ӘЛІП,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың

“ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ” атты халыққа үндеуі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қымбатты достар!

Біз бүгін әлеуметтік жаңғыру жолында жаңа, ауқымды қадам жасауға дайынбыз.

Мен **Президенттің бес әлеуметтік бастамасын ұсынамын.**

БІРІНШІ БАСТАМА: «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру».

Біз соңғы жылдары қазақстандықтардың баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін көп нәрсе жасадық.

2017 жылы 11,2 миллион шаршы метр тұрғын-үй пайдалануға берілді.

Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Дегенмен, оның өзі жеткіліксіз, әлі күнге дейін көптеген отбасы баспанасыз жүр.

Бұл – айрықша әлеуметтік маңызы бар мәселе.

Оның шешімін тұрғын-үй ипотекасының қалың көпшілікке жаппай қолжетімділігін арттыру арқылы табуға барлық жағдай жасау керек.

Жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай болуы үшін арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажет.

Сондықтан, мен «7 – 20 – 25» бағдарламасын ұсынамын.

Жұмыс істейтін әрбір қазақстандық төмендегідей шарттар бойынша теңгемен несие алу мүмкіндігіне ие болады.

Несие өсімінің мөлшерлемесі қазіргідей 14-16 емес, жылына 7 проценттен аспайтын болады.

Қазір банктер бастапқы жарнаға баспана құнының 30 процентіне дейін, кейде тіпті 50 процентін салуды талап етсе, бұл бағдарлама бойынша ол 20 проценттен аспауға тиіс.

Несие алушының ай сайынғы төлемін азайту үшін оның мерзімі 10-15 емес, 25 жылға дейін болады.

Ол үшін Ұлттық банктің, екінші деңгейлі банктер мен қор нарығының мүмкіндіктерін іске қосу керек.

Ұлттық банк кемінде 1 триллион теңге қаржы тартатын арнайы компания құрып, ол қаржыны банктердің жоғарыда айтылған шарттар бойынша беретін жаңа ипотекалық несиелерін сатып алуға жұмсауы қажет.

Бағдарламаны жүзеге асыру тұрғын-үй құрылысына зор серпін береді.

Нәтижесінде миллиондаған қазақстандық үшін баспана алудың қолжетімділігі артады.

Сонымен қатар, бұл экономиканың, шағын және орта бизнестің өрістеуіне жұмыс істейді, жаңа жұмыс орындарын ашады.

Көптеген азаматтардың арманы ақиқатқа айналады!

ЕКІНШІ БАСТАМА: «Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту».

Салыстырмалы түрде жалақысы төмен қазақстандықтарды қолдау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың салық жүктемесін 10 есеге азайтып, 1 процент қана салық салуды ұсынамын.

Ай сайын ең төменгі есептік көрсеткіштің 25 еселенген көлемінен аз жалақы алатындарға салынатын жеке табыс салығын азайту арқылы олардың салық жүктемесін жеңілдету керек.

Ал осылайша салықты азайтудан шығатын қаржы олардың жалақысын көбейтуге жұмсалуы қажет.

Нәтижесінде, еліміздегі барша жалдамалы жұмыскерлердің кемінде үштен бірінің, бұл 2 миллионнан астам адам, жалақысы жұмыс берушіге салмақ салмайақ көбейетін болады.

Әрі қарай Үкімет табыс салығының прогрессивті шкаласын енгізу мүмкіндігін зерделеуі керек.

ҮШІНШІ БАСТАМА: «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту».

Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында 530 мыңнан астам жас оқып жатыр, олардың 30 процентке жуығы мемлекет бөлген грантпен білім алуда.

Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін төмендегідей шараларды ұсынамын.

Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлу керек.

Оның 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады.

Бұл төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа экономикада зор сұранысқа ие болатын сан мың жаңа маманды даярлауға мүмкіндік береді.

Мұнда ең алдымен инженерлер, ақпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология саласының мамандары туралы сөз болып отыр.

Бұл да жастарға мемлекет қамқорлығының айқын көрінісі.

Сонымен бірге, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша барлық жоғары оқу орындары гранттарының құнын ұлттық жоғары оқу орындарының гранттары деңгейіне дейін көтеру керек.

Аталған шаралар орта мектеп түлектерін жоғары біліммен неғұрлым көбірек қамтуға мүмкіндік береді, бұл – жалпы әлемдік тренд.

Сонымен бірге, адам ресурстарына салынатын үлкен салым.

Біз әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыра отырып, студенттердің білім алуына және тұратын жеріне жағдай жасауға тиісті назар аударуымыз қажет.

Қазір жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті.

Бұл міндетті шешу үшін жоғары оқу орындары, колледждер мен девелоперлік компаниялар мемлекет пен жеке меншіктің серіктестігі қағидасымен жатақхана салуды бастауы керек.

Мемлекет өз тарапынан Білім және ғылым министрлігі арқылы жатақхана құрылысына жұмсалған инвестициялардың белгілі бір бөлігі біртіндеп қайтарылуына кепілдік береді.

2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырамын.

Бұл алдағы жылдарда өсе түсетін сұранысты ескергеннің өзінде жатақхана тапшылығын біржола шешеді.

ТӨРТІНШІ БАСТАМА: «Шағын несие беруді көбейту».

Өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік саналады.

2017 жылы жалпы сомасы 32 миллиард теңге болатын 7200 шағын несие берілді.

Алайда, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша білім алған тағы 5 мың адам өз ісін бастауға қажетті шағын несиелерді ала алмады.

Сондықтан, 2018 жылы қосымша 20 миллиард теңге бөліп, шағын несиелердің жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырамын.

Нәтижесінде шағын несие алатындардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге артып, 14 мың адамға жететін болады.

Бұл жұмысты одан кейінгі жылдарда да белсенді жалғастыру керек.

Бастама мыңдаған адамға өз ісін ашуға мүмкіндік беретіндігімен маңызды.

Бұл, әсіресе, ауыл-аймақтар үшін, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін айрықша маңызды екенін атап өткім келеді.

БЕСІНШІ БАСТАМА: «Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру».

Елімізде газ өндіру Тәуелсіздік кезеңінде жылына 8-ден 52 миллиард текшеметрге дейін артты, әрі қарай да өсе түседі.

Қазір еліміздегі тұрғындардың 50 процентке жуығы газбен қамтамасыз етілген.

9 облысқа газ тартылған.

Дегенмен, орталық және солтүстік өңірлер әлі де газсыз отыр.

Біз Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана бағытында магистральді газ құбырын салу жобасын жүзеге асыруымыз керек.

Оған тиісінше қаражат тарту қажет болады, соның ішінде халықаралық қаржы институттарынан да.

Бұл 2,7 миллион адамды газбен қамтамасыз етумен қатар, шағын және орта бизнестің жаңа өндірістерін ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, экология жақсарады.

Газға көшу тек Астананың өзінде зиянды қалдықтардың ауаға таралуын 6 есеге немесе жылына 35 мың тоннаға азайтады.

Бұл жобаны жүзеге асыру әрі қарай өзге өңірлерді де газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Президенттің бес бастамасы – осы.

Оларды іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруға, сол арқылы ел экономикасының әрі қарай дами түсуіне жол ашады.

Үкімет пен Ұлттық Банкке бастамаларды іске асырудың егжей-тегжейлі тетіктерін жасауды тапсырамын.

Парламент депутаттарынан заңнамаға қажет өзгерістерді уақтылы енгізуді өтінемін.

Бастамалардың айрықша маңызды екенін ескерсек, оларды тиімді жүзеге асырудың жолдары кеңінен талқылауды қажет етеді.

Халық пен бизнес өкілдерінің арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу де маңызды.

«Нұр Отан» партиясы халқымыз үшін айрықша маңызы бар осы шаралардың тиянақты орындалуын бақылауға алады.

Құрметті отандастар!

Мемлекеттің жаңа қадамдары бүкіл қазақстандықтарға, еліміздің барша азаматтарына игі әсер етеді.

Қоғам өз тағдырын Қазақстанмен тығыз байланыстырып, болашағын жоспарлаудың тың мүмкіндігіне ие болады.

Бағдарламаны заңдық тұрғыдан бекіту қажет деп санаймын.

Оны іске асыру «әлеуметтік мемлекет» туралы конституциялық норманы жаңа, нақты мазмұнмен байыта түспек.

Заманауи жаһандық ахуалда ұлттық бірлік – әлеуметтік бірлік, ал қалыптасқан мемлекет – әлеуметтік мемлекет.

Біз өткенге салауат айтып, келешекке көз тіккен елміз.

Біз әлеуметтік мемлекет пен ұлттық өркендеудің шынайы, әрі сындарлы қазақстандық моделін міндетті түрде бірге жасайтынымызға сенімдімін.

Ардақты ағайын!

Бүгінгі бастамалар еліміз тұтас, қоғамымыз тұрақты болса ғана табысты жүзеге асады.

Ал, ел бірлігі – ең бірінші, қазақтың бірлігі.

Жаһандық көштің басында жүретін мерейлі ел болу үшін бірлік пен ынтымақ алдымен өзімізге, қазаққа керек.

Тарихтың өзі дәлелдеген бір ақиқат бар – халқымыз бірлікте болса күшейген, бірлігі қашса әлсіреген.

Қасқа жолды Қасым хан жұртын жұдырықтай жұмылдыра білгенінің арқасында қазіргі қазақ жерінің негізгі аумағын біріктірді.

«Ел бірлігі – ел теңдігі» деген – осы!

«Қазақ ордасының Ликургы» – Әз Тәуке елін татулыққа ұйыта білгендіктен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатты.

«Байлық – байлық емес, бірлік – байлық» деген сөз сол заманнан қалған қағида.

Ел басына күн туған кезде барша қазақ Абылай ханның ақ туының астына жиналған соң ғана жерін жаудан тазарта алды.

«Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады» деп бабаларымыз осыны айтқан.

Қазақтың осынау 3 ханы – ел тарихындағы 3 асқар тау, оларды асқақтатқан – ел бірлігі.

Сонымен бірге, алтыбақан алауыздықтың кесірінен еліміз аңырап, жеріміз қаңырап қалған кездер де аз емес.

Бұл да – тарихтың ащы сабағы.

«Өткенге қарап, ертеңіңді түзе» деген өсиет бар, себебі, өткеннің өнегесі – бүгінгі күннің баға жетпес байлығы.

Осыны жадында тұтып, тарихтан тағылым ала білген халқымыз Тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың арқасында талай табыстарға кенелуде.

Табысымызды еселеп, Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін бізге балталаса да бұзылмайтын берік ауызбіршілік керек.

Берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ.

Ел мен жердің иесі ретінде Қазақстандағы жақсы мен жаманның бәріне қазақ жауапты.

Осы ұлы жауапкершілікті сезініп, барша ұлыстардың ұйытқысы болып, өзгеге өнеге көрсете білейік.

Сонда ғана, халқымыздың атын иеленген қасиетті Қазақстанымыз көркейіп, дами береді.

Еліміздің көңілі жайлы, тұрмысы майлы болады.

Осыны үнемі есте тұтып, тың міндеттерді тындырымды жұмысқа ұластырайық!

Іске сәт!

Akorda.kz



А. БЕДЕН,
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөнідегі бөлім жетекшісі.

АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕЙІК

Біз бүгінде мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында белгіленген міндеттерді атқаруға кірістік. Медициналық сақтандыру қоры осы Жолдаудағы ең маңызды деген **үш міндетке** басымдық беріп отыр. Оның біріншісі:

Ақпараттық жүйелер мен мобильді қосымшаларды дамыту арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету. Былтыр қараша айында біз қордың мобильді қосымшасын іске қосқан болатынбыз. «МСҚ: Халықты бақылау» деп аталатын бұл қосымша еліміздегі ауруханалар мен емханалардың қызметін бағалауға мүмкіндік береді. Қосымшаны ұялы телефонға жүктеп, кепілдендірілген тегін медициналық көмек шеңберінде қызмет көрсететін емханалар мен стационарлардың жұмысына баға беруге болады. Онда дәрігер қабылдауына кіруге кеткен уақыт, көрсетілген қызмет сапасы, дәрігер берген емнің түсініктілігі сынды өлшемдер есепке алынады. Сонымен қатар қосымшаны пайдаланушылар кез келген медицина ұйымы жайлы пікірін еркін түрде жазып қалдыра алады. Алдағы уақытта осы пікірлер негізінде клиникалардың рейтингі жасалады. Ал, бұл азаматтарға еліміздегі ең үздік деген емханалар мен клиникаларды таңдауға көмектеседі. «Халықтық бақылау» қосымшасын Android және iOS платформаларымен жұмыс істейтін телефондарға көшіріп алуға болады. Мобильді қосымша үнемі жаңартылып, толықтырылып отырмақ. Алдағы уақытта оған емханаға тіркелу, медициналық қызмет сапасын бағалау, медицина ұйымдарының қызметін ұйымдастыру, дәрігерге жазылу сынды функцияларды қосу көзделіп отыр.

Екіншісі – кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемін оңтайландыру. Жалпы, бұл құжат Үкімет тарапынан бекітіледі. Біз өз ұсыныстарымызды әзірлеп, өкілетті органға береміз. Бір сөзбен айтқанда, кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакеті қайта қаралады деуге болады. Біздің міндетіміз – мемлекет үшін тиімділігі төмен әрі шығыны көп диспансерлік жүйеден бас тартып, оның орнына қашықтықтан диагностика жасау және амбулаторлық емдеу тәсілдерін пайдалану арқылы созылмалы сырқаттарды емдеу жүйесіне көшу. Алдағы екі жылда Қор кепілдендірілген тегін медициналық көмек пен әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеттеріне енетін медициналық қызметтерді іріктеумен айналыспақ. Іріктеу барысында медициналық қызметтерге деген сұраныс пен олардың тиімділігі міндетті түрде ескеріледі.

Үшінші мәселе – стационарлық көмектен профилактикаға (аурудың алдын алуға) және өзге де қызмет түрлеріне көшу. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында қазіргі денсаулық сақтау жүйесінің бағасы қымбат болып келетін стационарлық емге емес, аурудың алдын алуға ден қоюы керектігін қадап айтты. Бұл өте дұрыс айтылған мәселе. Себебі біздің елімізде науқастардың 70 пайызы дәрігерге ауруы әбден асқынғаннан кейін қаралады. Салдарынан азаматтардың шығыны мен мемлекет қалтасынан шығатын қаражат бірнеше есе артады. Біз болашақта стационарды алмастыратын қызмет түрлерін көбейтуге, соған басымдық беруге күш саламыз. 2018 жылдан бастап кепілдендірілген тегін медициналық көмекке бөлінетін қаражаттың 5 пайызы осы қызмет түрлеріне жұмсалатын болады. Сонымен қатар профилактикалық іс-шаралар ауқымын едәуір арттыру көзделіп отыр.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жайында бірер сөз. ҚР Президентінің биылғы Жолдауында халықты сапалы жұмыспен қамту және лайықты әлеуметтік қорғау жүйесін қалыптастыру проблемасы да айтылды. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл мәселені шешу үшін азаматтардың мүмкіндіктерін арттыру қажет. Сондай-ақ, Елбасы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды тіркеу процедураларын жеңілдету керектігін айтты. Қолайлы жағдай жасалса азаматтар үшін мемлекет алдындағы міндеттерін қалтқысыз орындау тиімді болары сөзсіз.

Мемлекеттік органдар Президенттің өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты экономикаға жұмылдырып, әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тарту туралы тапсырмасына сәйкес бірқатар іс-шараларды әзірледі. Атап айтсақ, заң актілерінде «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» деген түсінікті нақтылау, өз күнін өзі көріп жүрген азаматтарды мемлекеттік табыс органдарында тіркеу тәртіптемесін жеңілдету, олардан салық өндіру тәртібін айқындау, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыз азаматтарды тіркейтін мекемелер қызметін толығымен цифрландыру, жергілікті атқару органдары мен орталық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін бір-бірімен ықпалдастыру көзделген. **Оған қоса, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға аз мөлшерде жарна төлеп, МӘМС пакетін толық пайдалануға мүмкіндік берілетінін де айта кеткеніміз жөн.**



Ғани ТОРИЕВ,
Шымкент қаласындағы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының міндетін атқарушы.

ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ «ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ»

Шымкент қаласындағы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының аппараттық жиналысында Елбасының Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауы кеңінен талқыланды. Басқосуды ашып, ел өміріндегі елеулі оқиға, басты құжат болып саналатын Жолдау жайында қысқаша баяндап өттім:

–Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталады. Төрткүл әлемдегі өркениетті отыз елдің қатарына қосылуды ізгі ниет еткен Қазақстан халқының алдына Елбасы аса маңызды деген он міндетті айқындап беріп отыр. Міне, осылардың арасында қаржы секторын «қайта жаңғырту» алтыншы міндет етіп көрсетілген.

Ең алдымен банктік портфельдерді «нашар» несиеден арылту ісін аяқтау қажет. Бұл үшін банк иелері шығындарын мойындай отырып, экономикалық жауапкершілігін алуға тиіс. Акционерлердің аффилирленген компаниялар мен жеке адамдардың пайдасы үшін қаржы шығаруы ауыр қылмыс болып саналуға тиіс. Ұлттық Банк мұндай істерге немқұрайлы қарамау керек. Олардың тарапынан қаржы институттарының қызметін қадағалау қатаң, уақтылы әрі нәтижелі болуға тиіс.

Мемлекет қарапайым азаматтардың мүдделерін қорғауға одан әрі кепілдік береді. Бұл үшін «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң қабылдауды тездету қажет. Елбасы халыққа берілген валюталық ипотекалы займдар жөніндегі мәселені Ұлттық Банкке толығымен шешуді тапсырғаны бәрімізге белгілі. Өйткені аталған валюталық займдарды жеке тұлғаларға беруге заң жүзінде тыйым салынған болатын.

Ұлттық Банк пен Үкімет экономика салаларындағы нақты тиімділікті есепке алатын ставкалармен бизнеске ұзақ мерзімге несиелендіруді қамтамасыз ету мәселесін бірлесіп шешуге тиіс. Инвестициялық ахуалдың одан әрі жақсаруы және қор нарығының дамуы маңызды болып саналады. Бұл – «Астана» халықаралық қаржы ор-талығының негізгі міндеттерінің бірі. Ол халықаралық озық тәжірибені пайдаланып, ағылшын құқығы мен заманауи қаржы технологияларын қолданатын өңірлік хабқа айналуы тиіс. «Самұрық - Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Ұлттық компанияларының акцияларын IPO-ға табысты түрде шығару қор нарығын дамытуға септігін тигізеді, – деді.

Жарыссөзге шығып сөйлеушілердің бәрі кез келген елдің экономикасы өркендеп, бюджеті молаюы үшін салық жүйесін жетілдіретінін атап өтті. Мемлекет есебінен қаржыландырылатын мекемелерде бұл жұмыс белгілі бір тәртіпке қойылғаны белгілі. Ал жеке адамдар мен жекеменшік нысандардың иелері мұндай қағидаттарды терең түсіне білмеуі мүмкін. Сол себепті түсіндіру жұмыстарын жалғастыра беруіміз керектігі баса айтылды. Мекеме қызметкерлері Елбасы Жолдауын толық қолдайтындықтарын, оны іс жүзіне асыру жолында еңбек ете беретіндіктерін білдірді.

Өкінішке орай соңғы кездері өңірімізде жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлық оқиғалары жиілеп отыр. Мұндай қатерлі дертпен көп болып жұмыла күресуіміз керек. Ол үшін еліміздің қолданыстағы заңдарының талаптарын біліп қана қоймастан, оны мүлтіксіз орындауымыз қажет. Бүгінде пара алу мен пара беру де қылмыс болып саналады. Сол себепті де үлкен-кіші лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлердің бірде-біреуі өздерінің лауазымын теріс мақсатқа пайдаланбағаны мақұл. Алдына келген адамның мұң-мұқтажын мұқият тыңдап, оған қолдан келгенше көмек қолын созған дұрыс. Тек сонда ғана ел, халық, қоғам үшін адал қызмет атқарған болып шығасың. Елбасы үлкен-кіші жиындардың бәрінде күллі қазақстандықтарды, әсіресе мемлекеттік қызметкерлерді заңнан аттамай, адал қызмет етуге үндеп келеді. Міне, біз осылардың бәрінен терең сабақ алғанымыз жөн.

Биылғы Жолдаудың ең басты ерекшелігі – оның өн бойынан «ақылды технологиялар», «ақылды ұлт», «ақылды қала» сияқты сөздерді жиі кезіктіреміз. Бұл дегеніміз – кез келген азаматтың білімді де білікті, өз ісінің шебері болуын талап ететіні айтпаса да түсінікті. Сол себепті біздің бәріміз өзімізге жүктелген міндетті абыроймен атқарғанымызда ғана ел табысын еселеп арттыруға үлес қосатын боламыз. Заман талабыменен үндес болып жаңа технологияларды тиімді меңгеру арқылы да жоғары жетістікке жеткізе аламыз. Ең бастысы – Қазақстанның әрбір азаматы ерен еңбек етіп қана қоймастан, еліміздің қолданыстағы заңдарын, соның ішінде салық туралы заңның талаптарын мұқият орындағаны жөн. Мемлекет тарапынан белгіленген салық төлемдерін уактылы әрі толық көлемде төлеп отыруы тиіс. Тек сонда ғана еліміздің еңсесі көтеріліп, табысы арта түсетін болады.

1998-2018: ЖИЫРМА ЖЫЛДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Нұрлан ҚУАТБЕКОВ, университеттің вице-президенті, техника ғылымының кандидаты, профессор:

– Біздің Халықтар достығы университетінің құрылғанына биыл 20 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде университет көп жетістіктерге жетті. Материалдық-техникалық базасы нығайды. Кезінде жұмысты кішкентай ғана ғимаратта бастаған болатынбыз. Жыл санап студенттердің саны арта түсті. Жақында арнайы аккредитациялаудан өттік.

Алдағы уақытта қалада «Шымкент сити» атты жаңа кешен бой көтермек. Сол жерден университетімізді ашсақ деген ойымыз бар. Өзіміздің мемлекетаралық келісімшарттарымыз бар. Біз студенттерімізді шетелге жіберіп, ал олар осында келіп оқиды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен қарым-қатынас жақсы жолға қойылған. Ресей астанасы – Мәскеудегі Халықтар достығы университетімен тығыз байланыста жұмыс жасаймыз. Ғылыми және студенттік аккредитациялаудан өткенбіз. Бірқатар шет мемлекеттердің жоғары оқу орындарымен байланыс орнатқанбыз.

Бүгінгі таңда университетімізде 7 мыңдай студент тәлім-тәрбие алуда. Соның ішінде бірнеше бакалавриат және магистратура мамандықтары бар. Студенттер мен магистранттардың терең де сапалы білім, тәлімді тәрбие алуына университетіміздің құрылтайшысы Әбдімұса Мұратұлы Қуатбековтен бастап қатардағы оқытушыға дейін тікелей жауап береді. Біз ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға қайырымдылық көмек көрсетуді өзіміздің басты парызымыз деп санаймыз. Арыс қаласындағы жетімдер үйін қамқорлыққа алып, оларға демеушілік көмек көрсетіп келеміз. Жыл сайын сондағы орта білім алған түлектерді университетімізге оқуға қабылдаймыз. Оларды тегін оқытумен қатар жатақханамен, тамақпен қамтып отырамыз. Стипендия төлейміз. Оқуын бітірген соң жұмыспен қамтамасыз етеміз.



Әбдімұса ҚУАТБЕКОВ, Шымкент қаласындағы Инженерлік-педагогикалық Халықтар достығы университетінің құрылтайшысы, Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, химия ғылымының докторы, профессор:

– Студенттеріміздің басым бөлігін тегін оқытамыз. Оларға стипендия төлейміз. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ екені баршаға белгілі. Сол себепті қазіргі таңда жастар оқу керек, білім алу керек. Үздік оқыса, тәртібі үлгілі болса, ертең білімді де білікті маман болып шығады. Бүгінде жақсы оқығысы келетін, ынтасы бар қыз-жігіттер көп. Профессор-оқытушыларымыз әрбір студентпен, магистрантпен жүйелі жұмыс жасап, олардың ертеңгі күні ел игілігін еселейтін маман болып шығуы жолында аянбай еңбек етіп келеді.



Әбдіжәлел АҚКӨЗОВ, университеттің бірінші және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, филология ғылымының кандидаты, доцент:

– Университетімізде қазіргі таңда 7 мыңға жуық студент білім алып жатса, олар 30 бакалавриат бағдарламасы бойынша оқып жүр. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы бойынша, яғни магистратурада 14 мамандық бойынша магистранттар дайындаудамыз. Күндізгі бөлімде оқып жатқан студенттердің саны қазіргі статистикалық есеп бойынша 3600-дей болып отыр. Соның ішінде егемен елімізде тіршілік ететін 30 ұлт пен ұлыстың өкілдері бар. Олардың ұлты, тілі мен діні бөлек болғанымен, мүддесі, мақсаты бір. Біздің Қазақстанымыздың қарыштап дамуына, алдыңғы қатардағы өркениетті 30 елдің қатарына қосылуына олар да өзіндік сүбелі үлесін қосуда.

Оқу процесі барысында тек білім ғана берумен шектеліп қалмай, ғылым бағытында да жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Көптеген студенттер ғылыми-тәжірибелік конференцияларда белсенділік танытып жүр. Сонымен қатар университетіміздің қыз-жігіттері қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі іс-шараларға тұрақты түрде қатысып отырады. Былайша айтқанда, олардың алдына қойған басты мақсатының бірі – «Туған жер» бағдарламасын жүйелі іске асыру болып табылады. Сонымен қатар оқу барысында мемлекеттік тіл – қазақ тіліне басымдық беріліп келеді. Бұл үрдіс сонау университет қалыптасқан күннен бастап іске асырылуда. Елбасының кезекті Жолдауында айтылғандай, рухани жаңғыру бағытында көптеген игілікті іс-шараларды жүзеге асыруды ойластырып отырмыз. Салт-дәстүріміздің жақсы жақтарын өзімізге қабылдап, жаңғырту арқылы жастар тәрбиесін жетілдіруге өзге ұлт пен ұлыстың өкілдері де өз үлесін қосуда.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орнымыз Шымкент қаласындағы басқа да жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатқан. Әсіресе, білім саласында академиялық ішкі ұтқырлық бойынша басқа да оқу орындарына барған студенттеріміз өздерінің білімін жетілдіріп жүр. Бірлесе отырып сапалы білім негізін қалауда. Басқа жоғары оқу орындарының студенттері біздегі академиялық ұтқырлық бойынша толық тәртіпке бағынып, осы жердегі болып жатқан іс-шараларға толыққанды қатысуда. Сонымен қатар сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша шет мемлекеттерде, шекаралық аймақтағы білім жүйесі қандай дәрежеде екенін аңғартады. Бізді бір қырымыздан танытып жатқан сыртқы академиялық ұтқырлық Қытай еліндегі Шыңжан жоғары оқу орны, Тәжікстанның Петикент қаласындағы жоғары оқу орны, Ресейдегі Халықтар достығы университеті және И. М. Губкин атындағы мемлекеттік мұнай және газ салаларының мамандарын даярлайтын университетпен өзара әріптестік қатынастарды нығайтып келеміз. Сонымен қатар магистрант жастарымыз шетелге шығатын іс-тәжірибеде де университеттің алға қойған мақсаты мен стратегиялық жоспарына сәйкес өзіндік зерттеулер жүргізіп жүр. Шет мемлекеттердегі шекара аймақтық жоғары оқу орындарының жақсы тұстарын біз өзіміздің тәжірибеге енгізу мақсатында бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізудеміз. Білім мен ғылым бағыты бойынша ондағы жұмыс қалай жүріп жатыр, осы бағыттарға баса назар аударамыз.

Жалпы өздеріңізге мәлім, Елбасының Жолдауында айтылғандай, «Цифрлы Қазақстан» стратегиялық жоспарын құрып, оны іс жүзіне асырып отырмыз. Әрине, бұл тек қана бүгінгі жүргізіліп жатқан іс-шара емес, Елбасының «Қазақстан–2050» бағдарламасы қабылданғалы бері біз жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі экономика қарыштап дамып жатқан кезде бір орында тоқтап қалуға болмайды. Ескі жүйенің жақсы жақтарын біз жадымызда сақтап, еліміздің төртқұл әлемдегі озық 30 елдің қатарына ену үшін біз де өз үлесімізді қосудамыз. Құрылтайшылар тарапынан жасалып жатқан жағдай көңілімізден шығады.

Еліміздегі білім саласы бірнеше рет реформалауға түскенін бәріңіз жақсы білесіздер. Енді осы реформалардың бізге тигізген жақсы жақтарын атап өткім келеді. Алдымызға қойған талаптардың ең бастысы – университетіміздің материалдық-техникалық базасын нығайту болып табылады. Бұл бағытта құрылтайшылар тарапынан қаржы-қаражат бөлініп, бүгінгі заманауи талаптарға сай келетін ғимараттар тұрғызылып, студент және магистрант жастарымыздың қолданысына беріліп отыр. Техникалық мамандықтар бойынша білім алып жатқан студенттерге жағдай жасау мақсатында заманауи зертханаларды жабдықтауға да қаражат бөлуде. Мысал үшін органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізу өте күрделі процесс. Бұл мамандық Шымкент қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде және бізде ғана бар. Сол сияқты радиотехника, электроника, телекоммуникация мамандықтары бойынша зертханалық жұмыстардың күрделілігіне байланысты осы бағытта Ресейдің өндіріс орындарымен келісе отырып, бірқатар зертханалық жабдықтауға да қаражат бөлініп отыр. Мәселен, жоғары оқу орнын бітіруші түлектерді қазіргі Үкіметтің алға қойып отырған бағдарламасы бойынша жұмыс берушімен тығыз байланыста атқарып келеміз. Әрине, оқу жоспарын жылдық жоспарлау бағытында жұмыс берушілердің де пікірімен санасамыз. Бүгінгі таңда өндіріске барған кезде қажетті пәндерді оқыту, жұмыс берушілердің тарапынан да ұсыныстар болады. Кеңес құру арқылы, сол кеңесте талқылап, бекітіп, екіжақты келісім арқылы меморандумдарда іске асырамыз. Университетімізді бітірген түлектер жұмыс берушілер тарапынан жұмыспен қамтылады. Біз маман дайындаймыз, ал олар сол мамандыбейімдеп жұмысқа қабылдайды.

– Бүгінгі таңда университет бітірген мамандарыңыздың қаншасы қайда жұмыс істеп жүр?

– Бүгінгі таңда біздегі 30 мамандықтың ішінен көп сұранысқа ие болып отырған радиотехника, электроника, мұнай өнімдерінің және органикалық заттардың химия технологиясы мамандықтары, сонымен қатар банк жүйесінде де біздің біраз студент жастарымыз жұмыспен қамтылған. Сосын мемлекеттік жергілікті басқару мамандығы облыстық әкімдіктің қатаң бақылауында. Әкімдік қызметкерлері студент жастармен жиі кездесіп, мемлекеттік қызметтің өзіндік талаптарымен, кодекс, заңдарымен таныстырып, студенттермен қосымша семинарлар өткізіп отырады. Бұл салада да бір-екі студенттеріміздің атап кетуге болады. Ауылдық жерлерге барып, жұмысқа орналасқандар да аз емес. Сонымен қатар біз өңіріміздегі елді мекендерге сараптама жұмыстарын жүргізіп келеміз. Біздің Оңтүстік Қазақстан өңірінен бүкіл әлемге танылған ғалым Мейірбек Оразұлын бәріміз жақсы білеміз. Түркітанушы ғалым «Кембридж университетінің жыл адамы» атанған. Осы кісінің шәкірті ретінде қазақ тілінің қалыптасып дамуы, өркендеуі жолында іздемпаздықпен жұмыс істеп, осы кафедраның жұмысын жетілдіріп келеміз. Біздің қазіргі міндетіміз – бәсекеге барынша қабілетті білімді де білікті мамандар дайындау болып табылады. Өскелең заман талабына сай студенттерімізге терең де сапалы білім, тәлімді тәрбие беру жолында бұдан былай да іздемпаздықпен еңбек ете беретін боламыз.

Үлбосын ҚАЙЫРБЕКОВА, филология және тілдер кафедрасының меңгерушісі:

– Студенттерге лекция өткеннен соң олармен зертханада тәжірибелік жұмыстар жүргізілуі керек. Себебі жүз рет естігеннен бөлек, өздері қолмен ұстап, жасап көрсе, мол мәлімет алуға болады. Студенттер флашметр аппаратында судың сілтілікке ме, қышқылдыққа ма енетіндігін анықтай алады. Сұйықтық 6-дан төмен көрсететін болса, онда ол қышқылдық, ал 6-дан жоғары болса, сілтілік нәтижесін көрсетеді. Секциональмен біз қышқылды сілтілерді анықтаймыз. Ал қышқылдың сілтілігін анықтау үшін титраван жасаған жөн.

Камалдин УСМАНҰЛЫ, химия және биология кафедрасының профессоры:

– Студенттерге лекция өткеннен соң олармен зертханада тәжірибелік жұмыстар жүргізілуі керек. Себебі жүз рет естігеннен бөлек, өздері қолмен ұстап, жасап көрсе, мол мәлімет алуға болады. Студенттер флашметр аппаратында судың сілтілікке ме, қышқылдыққа ма енетіндігін анықтай алады. Сұйықтық 6-дан төмен көрсететін болса, онда ол қышқылдық, ал 6-дан жоғары болса, сілтілік нәтижесін көрсетеді. Секциональмен біз қышқылды сілтілерді анықтаймыз. Ал қышқылдың сілтілігін анықтау үшін титраван жасаған жөн.



Ұлпен СҮЛЕЙМЕНОВА, гуманитарлық-педагогикалық факультеттің деканы, кафедра доценті:

– Жаһандану мәселесіне орай университеттің алға қойған мақсатына сай мамандарды даярлау жолында көп еңбек етудеміз. Мұндай дәрежеге қол жеткізуі – біздің құрылтайшыларымыздың, осы университетте білім беретін ұстаздарымыздың еңбегі. Студенттерімізді бәсекеге қабілетті етіп шығару, елімізге қажетті мамандарды алпауыт компанияларға жіберіп, білімі мен біліктілігін арттырып келеміз. Мысалы, «Петро-Қазақстан» секілді еліміздегі мұнай өндеу саласындағы ең ірі компаниялардың біріне біз оларды өндірістік тәжірибеге апарып, бар білгенімізді үйретіп келеміз. Тәжірибе жүзінде біраз нәрсе үйреніп келген студенттер әрине заман талабына сай білім алғылары келеді. Осындай қондырғыларды алу арқылы бәсекеге қабілетті студенттерді даярлап отырмыз. Мұнай саласындағы алпауыт кәсіпорындардың бәрі де білімді де білікті мамандарды ғана жұмысқа қабылдайды. Сол талаптарды орындау мақсатында біз өзіміз өтетін сабақтарымыз бен тәжірибелерімізді жүйелі жүргізіп келеміз. Үлкен зертханаларымызда өткізілетін сабақтардың бәрі де қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Өзге де жоғары оқу орындарының зертханаларынан еш кем түспейді. Зертханаларымыз, спорт залдарымыз, медпункт пен асханаларымыз студенттер үшін жүйелі жұмыс істеп келеді.

Қамбарбек МОЛДАБЕКОВ, мұнай және газ зертханасының меңгерушісі:

– Керосиннің жалынын анықтайтын аппаратпен студенттер де жұмыс жасай алады. ТБЗ-ПХБ аппаратымен мұнай өнімдерінің лап ету температурасын анықтайды. Тағы бір аппаратпен дизель отынының қату температурасы, лайлану температурасы, керосиннің лайлану температурасын анықтайды. Бұл аппаратты 45 градусқа бұрған кезде таймері жұмысқа қосылады. Дабыл қатқандығын білдіреді.

Қалғанат СЕЙІТҚАСЫМ, оқытушы-магистр:

– Біздің құрылыс мамандығының зертханасы соңғы заманауи құрал-жабдықтармен жарақталған. 2015 жылы Ресейдің Челябинск қаласына арнайы тапсырыс беріп, ондағы аппаратуралармен зертханамызды қамтыдық. Зертхана негізгі үш бағыт: геодезия, геотехника, құрылыс салалары бойынша жұмыс істейді. Бір бөлімде геодезия мамандығы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіледі. Теодолит және нивелир құрылғыларымен құрылыс нысандарының көлденең және тігінен олардың түзу болу керектігін және орналасу көрсеткішін анықтаймыз. Литвиновтың далалық зертханасы арқылы студенттер өндірістік жағдайдағы құрылыс салынатын топырақтың қасиеттерін анықтай алады. Осы екі аппаратура өте қолайлы әрі ешқандай да артық шығындарды қажет етпейді. Өндіріс орнында тұрып-ақ тікелей топырақтың қасиеттерін анықтай береміз. Басқа да компьютерлік сыныптарымыз бар. Онда автокад және дархикадты үйретеміз. Біздің студенттеріміз жұмыс берушілердің өскелең талабына сай заманауи білім алып жүр.

Дінмұхамед НАРЫМБЕТОВ, ағылшын пәні оқытушысы:

– Қазіргі таңда біздің университетіміздегі 2 шет тілі мамандығының студенттері заман талабына сай жабдықталған лингофон кабинеттерінде білім алуда. Бұдан бөлек бейне аудиториялар бар. Онда тек мамандыққа қатысты мәліметтерді ғана өтеміз. Жалпы, Елбасы алға қойып отырған үштұғырлы тіл бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асыру жолында жүйелі жұмыстар атқарып келеміз.

Темірхан МАХАРОВ, студент:

– Халықтар достығы университетінде оқып жүргеніме қуаныштымын. Себебі мұнда сапалы білім, саналы тәрбие береді. Біздің болашаққа деген ұмтылысымызды одан әрі дамыту мақсатында өте көп іс-шаралар бар. Сол үшін де ұлағатты ұстаздарымыздың еңбегіне дән ризамыз.

Балнұр АСҚАРҚЫЗЫ, шет тілі мамандығының I-курс студенті:

– Бұл жоғары оқу орнында ең алдымен адамдармен араласуды үйрендім. Мұнда жастардың білім алып, өнермен, спортпен шұғылдануларына мол мүмкіндік жасалған. Бірнеше клубтар жұмыс істейді. Соның бірін айта кететін болсақ, жақында Түркістан қаласынан жалпы республикалық дебат турниріне қатысып келдім. Сол жарыста республика бойынша үшінші орын иелендім. Соның бәрі осы Халықтар достығы университетінде беріліп отырған сапалы білімнің арқасы деп есептеймін. Себебі бізде әлеуметтану, шет тілі және тарихи тұлғаларды да оқытатын неше түрлі пәндер өтеді. Екі шет тілі мамандығы бойынша тәлім-тәрбие алып жүрмін. Біздің университетімізде ағылшын және неміс тілдерін оқыту жақсы жолға қойылған. Осында сапалы білім алудың арқасында сан түрлі белестерді бағындырып отырмын. Осы орайда біздің құрылтайшыларымыз бен ұстаздарымызға үлкен алғысымды білдіремін.

Нұрмұхамед ЖАҚСЫЛЫҚ, I-курс студенті:

– Радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығы бойынша білім, тәлім-тәрбие алып жүрмін. Өткізілетін сабақтар барысында зертханада көптеген жұмыстар жасаймыз. Бұл университетке біздің мамандығымызға сәйкес керекті заманауи құрал-жабдықтарды әкеліп қойылған. Вольтметр, амперметр, тұрақты өлшеу құралдары бар. Ұстаздарымыз бізге олардың әрбірімен қалай жұмыс істеуімізді жалықпай үйретіп келеді.

Бетті дайындаған Қуанышбек БОТАБЕК.

МЕДЕУ ПҰСЫРМАНҰЛЫ
хақында не білеміз?



Нағашыбек
ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы, Алматы облысының Құрметті азаматы

Біз Медеу жайлы не білеміз? Әйгілі Медеу мұз айдыны мен бір ауданның есімін алып отырған Медеу кім? Қазір күллі қазаққа белгілі Медеу жайлы әңгімелегенде алдымен оның шыққан тегі, әкесі жайлы әңгімелегенді жөн көрдік.

Медеудің әкесі Пұсырманның арғы бабасы шежіреге үңілер болсақ, ақындар мен батырлар елі атанған – Шапырашты, соның ішінде Есқожа. Есқожадан үш ұл – Алысай, Алтынай, Шуаш. Алтынай – қатарынан аты озған, сөзі дәуірінде дүрілдеп жүрген, айтқаны келген әулие, шешімін кесіп айтқан, бәріне абыз атанған қадірлі жан болған. Алтынайдың бәйбішесінен алты ұл – Қойшегір (Бессары), Байшегір, Жаншегір, Бекшегір, Нұршегір, Болай, екінші әйелінен – Тоқтамыс, Шағаман, ал үшінші әйелінен – әйгілі Қарасай батыр туған.

Болай – еті тірі, пысық, жұртты ерлікке, диқаншылық кәсіпке шақырып, жақсы іске ұйтқы болған. Болайдың – Бикісі, Құлкісі, Боранғазы, Жолдыбай, Шақа деген бес баласы да намысын ешкімге жібермеген ынтымағы жарасқан, әрқашан қазақ-қырғыз арасында бедел-абыройға ие болған дәулетті ата екен. Болайдың кенжесі Шақадан – Жайықбай, Дүйсенбі, Доғалақ есімді үш ұл тарайды.

Жайықбай – қолы ашық, төрінен қонақ үзілмеген, кермеден ат кетпеген жомарт жан болыпты. Жайықбайдан – Малбасар, Сәмен, Құл. Ал, Құлдан – Пұсырман, Серікбай, Төлебай, Күзенбай, Саркөбек. Енді міне, осы Пұсырманнан – Күртібай, Медеу, Батырбек атты үш ұл тарайды, – деген еді бізбен әңгімесінде ғалым, педагог, Ұлы Отан соғысының ардагері Мүштай Батырбеков ата шежіресін жан-жақты таратып.

Пұсырманды ел-жұрты, замандастары "Ойжелке Пұсырман ер" деп атап кеткен. Пұсырман Сұраншы батырмен түйдей құрдас екен, екеуі керемет дос, бауыр болған.

– Хан Кәшкенің ұрпағының тізесінен қос адым төмен отырасыңдар, – дейді Сұраншы батыр қырық құрсаулы, тоқсан баулы хан Кәшкенің туын тігіп қойып, – Бірақ оң жақ тіземнің жанында ойжелке Пұсырман ғана отырады. Ойжелке Пұсырманды өлімнен екі рет алып қалдым, ол бір рет жау оғынан сақтап қалды. Екеуміз ит жейдеміз бір жылы тозған төл құрдаспыз ғой, ажал бізді алуға асықпапты, ақыреттік дос осындай болар, сарбаздарым! – деп Пұсырманды қасынан тастамаған.

Ойжелке Пұсырманның ерлігі, Сұраншымен достығы жайлы жазушы Мұхаметжан Етекбаев жазды. Пұсырмандай ерден қалған асыл тұяқ – Медеу есімі күллі жалпақ жұртқа танылды. Ол өзінің кім екенін замандастарына ісімен, өнеге-үлгі ғұмырымен танытты.

* * *

Медеу 1850 жылы Жетісу губерниясы, Кіші Алматы болысының Верный уезіндегі №3 ауылда, қазіргі Іле ауданындағы Түймебаев атындағы ауыл тұрған жерде дүниеге келген. Медеу – сәулетіне дәулеті сай, арабша да, орысша да хат таныған дәулетті болған адам. Сондықтан да өскен ортасына көмегі көп тиген. Әсіресе табиғатқа шын жанашыр бола білген.

1902 жылғы ашаршылықта Медеу аш адамдарға барынша көмектесіп, қазақтың "Балдан тамады, бардан жұғады" дегендей, кедей-кепшік, шығайларға көп болысып, жәрдемдесіп, олардың қашанда таптырмас қамқоршысы болған және де ет дайындауда және оны ашыққандарға бөліп беруде үлкен көмек көрсеткен. Әсіресе, патша әскерлері де сол таулардың бөктерінде әскери жаттығу жұмыстарын атқарып жүргендерге де тамақ пен қымызсусынды тегін беріп отырған. Халыққа үнемі болысып, жоғын жоқтап отырғандықтан ел-жұрт та оны қатты сыйлаған.

Медеу тарихына тереңірек бойлау үшін алдымен Жетісу өлкесінің сол ғасырдағы тыныс-тіршілігінен бастау керек. Өйткені, сол уақытта Верный бекінісінің салына бастауы, соған сәйкес осы төңіректегі әлеуметтік өзгерістер, жергілікті халықтар мен орыс халқы арасындағы қарым - қатынастардың нығая түсуі, тағы басқа тарихи жағдайлардың Медеу есіміне де қатысы бар.

Белгілі саяхатшы А.К. Гейнс Алматының орнына алғаш салына бастаған бекіністің Верный аталғанын былайша түсіндіреді. Генерал-губернатор Г.Х.Гасфорттың София, Надежда, Вера есімді үш қызы болған. Генерал сүйікті қыздарының құрметіне ертеден бері Талғар, Есік, Алматы атанып келген қоныстардың орнына тұрғызылмақшы болған станица әскери бекіністі Софьяно, Надеждино, Верино деп атауды ұйғарады. Соңғы атау (Верино) I Николай патшаға аса ұнамайды да Вериноны сызып тастап үстіне Верный деп сойдақтата салады.

Жалпы Медеу жайлы айтқанда Алматы қаласының арғы-бергі тарихына көз жүгіртпесе болмайды. Алматы мен Медеу тығыз байланысты. Қала атауының пайда болуы кездейсоқ жағдай емес. Ежелгі заманнан Жібек жолымен жүріп өтетін керуендерді Іле Алатауының баурайында гүлдеген кезінде өңірді түрлендіріп жіберетін жабайы алма ағашы тоғайы қызықтыратын. Бұлар негізінен алма ағашының алты мыңнан астам сортының арғы тегі болып саналатын жабайы алма ағаштарынан тұрады. Оның генотипі ең ежелгі генотип болып есептеледі және биологтардың пайымдауынша, оның биологиялық өрісі өте күшті болып келеді. Біздегі жабайы алма ағашының генетикалық ресурсы селекция үшін төзімділік генінің көздері бола алады. Алайда, XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасыр оған айтарлықтай нұқсан келтірді: тау бөктерлеріндегі алма ағашты тоғайын аяусыз кесу бірте-бірте алма ағашының арғы тегінің жойылып кетуіне әкеп соқтыруда.

1867 жылдың 11 сәуірінде Верный бекінісіне қала мәртебесін беру туралы шешім қабылданды. Үйлер, негізінен алғанда тастан салынды, соған қарамастан, қала төңірегіндегі ормандарды кесудің кең құлаш жайғаны соншама, Жетісу облысының алғашқы губернаторы әрі казак әскерлерінің алғашқы тағайындалған атаманы генерал Герасим Алексеевич Колпаковский орманды бұдан әрі бақылаусыз кесуге, одан соң ағаштан үйлер тұрғызуға қатаң тыйым салуға мәжбүр болған. Ормандарды кесуден сақтау мақсатында Верный қаласының төңірегіндегі шатқалдарға қарауыл қойылды. Көптеген шатқалдар қарауыл сарбаздардың есімімен – Бутаковское, Каменское, Ремизовское ... шатқалы деп аталды.

Қалада Медеу бастаған дәулеттілердің қолдауымен салынған бірнеше мешіттің жанынан мұсылман мектептері ашылды. Медеу генерал-губернаторға қалада және оның төңірегінде орман-тоғай, бақтарды отап жатқандығы туралы бірнеше рет арнайы ашына айтады. Осыны ескерген губернатор Г.А.Колпаковский 1874 жылы Верныйдың бүкіл үй иелеріне өз үйлерінің көше жағына екі қатар етіп ағаш отырғызуды ұсынған. Ал 1878 жылы Верныйға келген белгілі ботаник А.Э. Регель жасыл желектердің молдығына назар аударып, бағбан-ғалымдар – Фетисов пен Э.О.Баумның және Медеудің осынау игілікті іске қосқан үлестерін атап көрсетеді.

1887 жылы өте күшті апат – естен кетпес жер сілкінуі болған. 28 мамырда таңғы 4 сағат 35 минутта жер астынан гуіл естіліп, ізінше жерасты дүмпуі сезілді. Бірнеше минут өткен соң бұдан да күшті дүмпу болып, жердің кенет теңселуі екі минутқа дейін созылды. Қаланың ұйқы құшағында жатқан тұрғындары оянбаған күйінде опат болды. Қала толығымен дерлік қирады. Гимназия, шіркеумен қоса архиерей үйі, губернатордың үйі секілді кірпіштен тұрғызылған үлкен үйлер қатты зақымданды. Собордың шіркеу мұнарасы, Покров шіркеуі... құлап түсті. Тауда адам сенбейтін гүрсіл естіліп, шың-құздар құлап, аңғарларды, жолдарды, ауылдарды, тұрақтарды, адамдар мен малды басып қалған. Қала бірнеше күн ауыз сусыз қалады. Зақымданбаған бірде-бір ғимарат қалмаған. Ағаштан салынған үйлер аман қалған, олардың пештері ғана қирап, терезе әйнектері сынған. Қала мен оның төңірегіндегі 483 адам қаза тапқан, жараланғандардың саны анықталмаған. Қаза тапқандар осы жердегі зиратқа жерленген. Мұнда қазір 28 гвардияшы – панфиловшылар паркі орналасқан.

Жетісу облысының әскери губернаторы 1887 жылдың 1 маусымында берген бұйрығында: "Жер сілкінуі кезінде кірпіштен салынған үйлердің осалдығы анықталуына байланысты алдағы уақытта үйлерді тек ағаштан тұрғызу ұсынылады", – деп жазған.

1889 жылы тағы да жер сілкініп, ол 30 маусымнан 3 шілдеге дейін – төрт күнге созылады. Бірақ құрылыстар аз болып, мұның үстіне жаппай дерлік ағаштан тұрғызылғандықтан, қала айтарлықтай қираған жоқ. Осы екі зілзала кезінде Медеу қайғыға ұшырағандарға ел-жұртын жинап ерекше көп көмек көрсеткен.

Ресейдің оңтүстігінде көзге түспейтін алма сорты Верный қаласында зор биологиялық "дүмпу" жасады. Ал, осы іске Медеу Пұсырманұлы тікелей араласып, орыс биологтармен бірігіп керемет апорт сортын өсірді.

Қаладағы селекционер Н.Т.Моисеевтің бағынан 1913 жылдың көрмесі үшін іріктеліп алынған апорт алмасының салмағы 3 фунтқа (1 фунт – 409,5 грамм) дейін жетті. Барлық талаптарға сәйкес өсірілетін болса, апорттың "Император III Александр" сорты қазіргі кезде де жемісінің көлемі мен әдемілігі жөнінен алдыңғы орынды бермейді. Бірақ жаңа сорттың басты құраушысы – жабайы алма ағашы біздің тау бөктерлерімізден жойылып барады. Алматы маңайындағы тау бөктерлерін табиғаттың өзі алма ағашының жақсы өсуіне лайықтап жаратқандай: топырағының минералдық құрамы, күннің нұр шашу уақыты мен мөлшері, жауын-шашын мен қолайлы температураның мөлшері – керемет топырақ-климат жағдайларын түзеді.

Агроном-ғалым Теңізбай Қаймұратов «Алмалы» тәжірибе шаруашылығында басшы болған кезеңде 900-1000 граммға жететін апорт алмасын өсіріп, үлкен бақты күтіп баптаған. Медеуді Алматы апортының атасы деуге болады.

Орыс-қазақ мектептері жұртшылық арасында кең қолдау тапты. Верныйдағы ерлер гимназиясында арнаулы қазақ пансионы жұмыс істеді. 1896 жылы гимназиядағы 226 оқушының 22-сі қазақ балалары болды. Верныйдағы бағбандық училищеде де ауыл қазақтарының балалары оқып, білім алды. Медеу бұл оқу орындарына ауыл-ауылдан балалар іздеп, тауып әкеліп оқытты.

Осы кезде Алматының жасыл желекке бөленуіне үлкен еңбек сіңіргендердің бірі – Эдуард Оттанович Баум (1850-1921). Ол Медеумен құрдас, дос, жегжат болып, Алматыны абаттандырып, бақ өсіруді бірігіп қолға алды. Атақты ғалым 1892 жылы "Қазына бағын" (Баум тоғайы) жасайды. Үш жарым шақырымға созылған бұл тоғай қазірде қала халқының демалатын жері болып отыр. Қала көшелерін қуалай ағатын арық және Абай даңғылындағы бас арық та Баумның ұсынысы бойынша 1894 жылы салынған және қаладағы барша үй иелері өздерінің тұрған-жайларының маңына екі қатардан белгілі бір ағаш тұқымдарын отырғызуы тиіс (емен, жөке, қайың, итальян қарағашы, пирамида тәрізді терек, ақ терек, тағы басқалар), қара теректі отырғызуға тыйым салынған. Себебі қара теректен ұшқан ұлпалар көшені әрдайым ластайды екен.

Медеу Пұсырмановтың қала салынуына араласқан тұсы XIX ғасырдың сексенінші жылдары. Верныйдағы белгілі-белгілі адамдармен араласып, сыйластықта өмір кешуі және де атақты ғалым, ұлты неміс Э. О. Бауммен ерекше достасады. Осы тұста Медеу Пұсырманұлы Жетісу губернаторының атына хат жазып, Кімасар аңғарының бойындағы генерал Г.А.Колпаковскийдың жер сілкінісінен құлап қалған саяжайының жанына үш ағаш үй салуға рұқсат сұрап, сол үшін де 1897 жылы 20 түп ағаш сатып алып, олардың құрылыс қажетіне дайын тұрғанын айтады.

Бұл өтінішке орай губернатор: «Верный уезінің басқармасына, Сіздің қарамағыңыздағы уездің қазағы Медеу Пұсырманов қала барлауыңызды – шаруаға қажетті үй салуға жалпы еш әкімшіліктің қысымынан қорықпай әрекет етуге толық мүмкіншілігі бар" деп жауап қайтарады. Осылайша Медеу қазіргі "Медеу" қонақ үйі қоныстаған орында ағаш үй салу ісіне кіріседі. Бірақ Медеудің таудағы саяжайы құрылысы 1898 жылы сәтімен аяқтала қалған жоқ. Осы тұста Медеу тағы бір хатты Жетісу облыстық әскери губернаторының атына 1998 жылы 20 қарашада жазған. Ол хатта: "Жоғарғы Мәртебелі тақсыр, Сізге Кардондағы саяжайды ағаштан бес бөлмелі үй салып жатқандығымды хабарлай отырып, төбесін қаңылтырмен шатырлатып, біржолата аяқтау үшін қажетті ағаш бөлсеңіз екен деп өтінемін. Жол жүріп кетуіме себепті биылғы жылғы ағаш саудасына қатыса алмауым, ағашқа жәрдем етпесеңіз, төбесі ашық үй жауын-шашынмен ұзамай шіріп кетуі мүмкін, сондықтан дауыл құлатқан он түп ағашты, қыс түсе қармен сүйреп жеткізіп алсам деп едім, орманшылар билетсіз ағаш босатпайды". Осы өтінішке жауап сол 1898 жылы 28 қарашада Жетісу облыстық Мемлекеттік мүлік басқармасы арқылы ағашқа рұқсат беріледі де Медеу Пұсырмановтың саяжайы салынып бітеді. Бір айта кететін жағдай қазіргі "Медеу" қонақ үйі (1974 жыл, архитекторы – В.З.Кацев) орнында сәулеттік бітімі келіскен ағаш үй, XX ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін қаз-қалпынша сақталған. Ағаш үйдің сыртқы ішкі пішінін ойша шолғанда үйдің жобасын сызуда екі адамның есімдерін айтуға болады. Соның алғашқысы орыс азаматтығын қабылдаған ұлты француз Павел Васильевич Гурд. Медеудің таудағы саяжайын тұрғызуға қатысқан екінші адам талантты архитектор әрі әскери инженер А.П.Зенковтың әкесі – П.М.Зенков болған. Ал оның баласы Андрей Зенков Медеумен достық қарым-қатынаста болған. Қазақша таза сөйлейтін қазақтардың ортасында көп болуды ұнататын белгілі сәулетші А.П.Зенковтың қазіргі "Целинный" кинотеатры орын тепкен орында бой көтерген Медеу үйінің жобасын сызып беруі де сол жақын білістіктің бұлтартпас дәлелі. Масаншы мен Қабанбай көшелерінің қиылысындағы Медеудің төрт ағаш үйіне қосымша монша тұрғызған (біреуі бес бөлмелі), барлық үйлердің төбесі қаңылтырдан жабылған. Бұл сол кездегі ең әсем, ғажап құрылыс саналған.

Медеу Пұсырманов өз тұсында генерал Г.А.Колпаковский, бағбан-ғалым Э.О.Баум, атақты архитектор А.П.Зенков сияқты белгілі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болған. 1905-1906 жылдары Медеу Пұсырманов Меккеге сапар шегеді. Ол Меккеден қайтар жолында Петербургке соғып, сонда түскен фотосуреттің бірін Верныйды аралағанда Зенковқа сыйға тапсырған.

Медеу 1906 жылы Меккеден оралғанда Верный қаласында 27 мың тұрғыны бар кішігірім қала кейпінде болатын. Қаладағы тұрғындардың арасында қазақтардың жалпы үлес саны 5 пайызға әрең-әрең жететін еді. Қажы атанып келген Медеу қазақ қоныстанушыларға мейірімі артып 1900-1907 жылдар аралығында жұмыс істеген Ағарту қамқоршылардың Верный қоғамына жәрдемдескен, қалаға қазақтарды көшіріп әкеліп, үй соғып беріп, түпкілікті қоныстандыруға айырықша ден қояды.

Медеу Герасим Алексеевич Колпаковскиймен (1819-1896 жылдар) жақын аралас, жақсы пікірлес болғандығын Медеуге қатысты деректердің қай-қайсысы да қуаттайды. Г.А.Колпаковский 1867 жылдан бастап Жетісу губернаторы әмбе казак әскерінің бірінші атаманы болғандығымен ғана емес, қайта әскери қызметте жүріп қазақ халық өкілдеріне біртабан болысып, жақын жүргендігімен де белгілі. Халқымыздың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов өмірінің соңғы күндеріне дейін онымен хат-хабар алысқан. Шоқанның көптеген қолжазбаларын, жарық көрмеген еңбектерін, хаттарын жинастырып ықтиятты түрде Г.Н.Потанин, Н.И. Веселовскийлерге жолдау, Шоқанның қабіріне ескерткіш орнатуда Герасим Алексеевич табандылықпен қамқорлық көрсеткен. Жетісу өлкесінде жүргізілген Г.А.Колпаковскийдің өмірбаяндық, әскери қызметі және жеке өміріне қатысты деректерді жинастыру науқанына қатысушылардың жуан ортасында Медеудің есімі өте жоғары сатыда айтылатынын айта кету жөн.

Верный 1900 жылдың бас кезінде дворяндық патшалық шенеуніктердің, байманаптардың провинциялық қаласы болып қала берді. Пугасов, Иванов, өзге де ірі көпестердің шарап және сыра зауыттары, Колпаков пен Пестовтың тері илейтін ұсақ кәсіпорындары – Верныйдағы негізгі-негізгі өндіріс ошақтары болды. Мұның үстіне екінші бір қиырдан, Жетісу жәрмеңкелерінде сан мыңдап мал сатып алып, жүн, тері шикізатын өндіретін Тәжібай Малдыбаев, ағайынды Қуанышевтер, Медеу Пұсырманов секілді кәсіпкерлердің есімі елге жайылды.

1905 жылы Верныйда Медеудің қолдауымен Орманшылар мектебі тұрғызыла бастағанда "Медеу қыстауы" делінбей "Медеу шураты" деп көрсетілген. Кейін де Орманшылар мектебіне құрылысшы мамандығы бойынша оқушылар қабылдайтындығы жөніндегі хабарламада "Медеу шураты" деп анық жазылған.

Ал енді Медеу тарихын сөз еткенде, қабырғалы сұраулардың бірі кәмпеске мәселесіне қатысты. 1918 жылдың мамырында Верный уезінің Шамалған, Жайылмыс, Шапырашты, Үлкен Алматы, Кіші Алматы (Медеу осы болыстыққа жатқан еді), Батыс Талғар болыстарында жүргізілген ірі байларды кәмпескелеу жұмысын белгілі күрескер Тоқаш Бокин басқарады. Керісінше ол Медеудің ізгі істерінен хабардар болғандығын, оның балаларына қалған мұрасы өзге байлармен салыстырғанда болмашы ғана деп балаларын кәмпескеден алып қалады. Әйтпесе 1918 жылғы 19 наурызда Жетісу Халық Комиссарлар Кеңесі бекіткен №1 декретте көрсетілгендей Габидулаев, Курганов, Шахварыстов, Иванов, Пугасов сияқты Верный қаласының 20 шонжарымен бірге Медеу ұрпақтары да тізімге алғашында ілігіп, кейін сызылып қалған.



Медеу Пұсырманұлы



1929 жылы қазіргі Медеу қойнауына белгілі қазақ ақыны, композитор, әнші Иса Байзақов пен партия, кеңес қайраткері, сол уақыттағы республика Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев демалуға келгенде Медеудің балаларына қолда бар, әкеден қалған азын-аулақ малдарыңды мемлекет меншігіне өткізгендерің жөн деп кеңес береді. Медеу балалары ертесінде-ақ асыл тұқымды жылқыларын өз еріктерімен қоғам меншігіне өткізіп, ұжымшар мүшелігіне кіреді. Медеу Пұсырманов Жайшыбек, Омарбек, Рахым, Ахметбек, Мамытбек, Айдарбек, Нәзірбек, Нүсіпбек, Сейдахмет, Шаймардан, Шаяхмет, Шайкамал есімді он екі ұл, сегіз қыз бала сүйеді. Олардың бірнешеуі Ұлы Отан соғысында қаза болған. Медеу қажы үш әйел алған. Медеу қажы 1908 жылы дүние салғанда қалың қазақ жиналып, қабырғаларына қайғы батып төрт бұрышына төрт адам тізе бүгіп, отырып намаз оқи алатындай кең қабырғалы күмбез тұрғызылып, барша сый-сияпатымен жерлеген. Деректі прозаның жүйрігі, жазушы Бейбіт қажы Сапаралы "Қазақ әдебиеті" газетінде (№29, 19 шілде 1985ж) "Медеу кім?" деген мақаласында Медеу жайлы кеңінен сөз етеді.

* * *

Сексеннің төріне келіп қайтыс болған шежіреші, көкірегі даңғыл, көзі ашық Мырзаят Миркаримов ақсақал Медеу жайлы талай-талай шежіре әңгімелерді айтудан жалықпайтын. Бұл кісі – Медеу атамыздың күйеу баласы. Арнайы өзім ұйымдастырып, Медеу атамыздың бейіті басына құрбан шалып, құдайы тамақ бергіздім. Сонда тоқсанға келген немересі Гауһар Омарбекова апамыз мынандай әңгіме айтқан:

– Медеуге Қыдыр ата ықыласы ауып, бата беріпті. Сен тау-тасты аралап, же міс-жидек көшетін тасып, жаңа тұқым өсіріп жүрсің. Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер. Сондағы Қыдыр атаның Медеуге берген батасы мынау екен:

Малсызға малға балап ұйқы береді.
Арсызға арға балап күлкі береді.
Керілген керауызға өсек сөз –
түрпі береді6
Ерінбеген ерге байлық пен
жылқы береді.
Байлық барға бітеді,
Қара күш нарға бітеді.
Батырлық алып – зорға бітеді,
Төккен терің ақталып,
Ісің тек оңға бітеді, – депті.

Содан Медеу атамның тіккен шыбығы да, отырғызған көшеті де дүр көтеріліп, неше түрлі жеміс-жидек өсіріп, елді таңтамаша қалдырыпты. Алматы апортын алғаш өсірген де – Медеу. Ол белгілі бір жерге – мына Алатау етегіндегі белдеу-алқымына ғана керемет өседі. Медеу атамыздың асыл тұқымды жылқы, сиырлары сонау Қапшағайдан Мыңжылқыға дейін қаптап өсіп, өріп жүрген.

Қыдыр қонған, қызыр шалған сәулетіне дәулеті сай Медеу жайлы аңыз әңгіме, өлең-жырлар көп-ақ. Ұлы Жамбыл өзінің Құлмамбетпен айтысында Медеу жайлы былай дейді:

Алматыда барамын Медеу байға,
Алматыдай шаһарда –
Он бес мың теңге төктіріп,
Көк күмбез үйді салдырған.
Асыл тастан оюлап,
Қарасаң көзді талдырған.
Арғы шетін айтайын:
Ташкент пен Наманган
Ақша деген немеңді
Көп қапқа салып алдырған.
Ел көшкенде қазынасын,
Алты нарға арттырған.
Асыл кілем жаптырып,
Жібектен арқан тарттырған,
Алатауды бөктерлеп,
Бұдан да сырғып өтейін.
Қалай айтсаң, олай айт,
Құлмамбет саған төгейін!

Медеу Пұсырманұлы – ғажап бағбан, білімдар, бірнеше тіл білген. Жасынан орысша оқыған ол орыс ұлықтарымен емін-еркін тең дәрежеде сөйлесе алатын болван. Сондықтан да олар үнемі Медеумен санасып, ақылдасып отырған. Қазақ байлары, орыс көпестері Г.А.Колпаковскийді қонаққа шақырса "Медеу онда бола ма, ол болмаса бармаймын", – дейді екен.

Медеу Пұсырманұлы қандай іс атқарса да тиянақты істеген. "Мал жисаң – өрісін тап, ас жисаң – ыдысын тап" демекші, Ұлы Жібек жолындағы керуенші, саудагер, саяхатшылармен жегжат-жұрат болып, асыл тұқымды мал өсірген, неше түрлі жеміс-жидек әкеліп, будандастырып отырғызған. Бір асыл тұқымды тайға бір үйір жылқы беріп айырбастап алып кетеді екен. Медеудің ұсынысымен бүкіл өңірде өсіп тұрған ағаш, жемісті, орман-тоғайды сындырған, шапқан адамдар қатты жазаланатын болған.

Алғаш құрылысы басталған Верный қаласына Медеу бес керемет сән-сәулетке сай әдемі ағаш үй салдырған. Қарғалыдағы Сәт мешітін салдыруға көмектескен, өзен бойына диірмен тұрғызып, бау-бақша өсірген.

"Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан" демекші, Медеу атамыздың ата қонысында бүгіндері әсем де әдемі Алматы қаласы бой көтерді. Оның бір ауданы – Медеу атымен аталады. Әйгілі Медеу шатқалында Медеу мұз айдыны бар.

Елбасымыздың көрегендігімен рухани жаңғыруға арналған бағдарламасына орай Медеу Пұсырманұлы жайлы кешенді мынандай игі істерді атқару керек деп білеміз:

– Медеу бейіті қалың қорымның ішінде ескерусіз жатыр. Алматы қаласы мен облысы қасиетті де киелі Медеу атаның зираты басына күмбез орнатады деп сенеміз.

– Медеу мұз айдынының алдында ескерткішін тұрғызып, сол жерде музейін жасау керек. Бұл музей тек Медеу ғана емес бүкіл Алматы қаласынынң арғы-бергі тарихы, Медеу шатқалы жайлы мол мағлұмат-дерек беретін орын болар еді.

– Медеу сай-шатқалын ЮНЕСКО тізіміне енгізген жөн. Бұл шатқал-сайында археологиялық зерттеулерде сонау қола дәуірінде өмір сүрген жерлестерміздің шырағданы, тағы басқа көне заттары табылып жатыр. Бұл ара – сонау көне заманнан бері қарай ел билеушілердің ордасы болғандығын ғалымдар дәлелдеуде.

Ал, Медеу сайында өсетін табиғаттың сан түрлі ағаштары мен өсімдіктері әлем туристерін таң-тамаша қалдырып жүр. Атақты Асанқайғы бабамыз «Ағашы тұнған жеміс екен, шаруаға жайлы қоныс екен» депті.

– Алматы қаласында арнайы «Медеу саябағын» ашу керек.

– Алматы қаласында «Медеу айлығын» жариялап, барлық оқу орындарында Медеу жайлы сабақтар өткізсе.

– Мектеп оқушылары арасында «Медеу кім?» деген тақырыпта шығарма жаздыртып, конкурс ұйымдастырса.

– Медеу атында спорттық, туристік жарыстар жүйелі өткізіліп тұрса.

– Медеу Пұсырманұлы жайлы кітап жазылып, деректі фильм түсірілсе, ел-жұртқа оның ғұмырнамасы, істеген игі істері жайлы ауық-ауық айтылып, түсіндіріліп тұрса игі болар еді.

– Рухани жаңғыру талаптарына орай Медеу шатқалы, жалпы Алатау аймағындағы сай-сала, өзен, тау-шыңдарға – ежелгі атауларында қалай аталса сол аттарын қайта беру қажет.

Тіпті Алатаудың өзін Тәңіртау деп жазған кейбір ағаларымызға да мүлде келіспейміз. Тәңіртау бір шоқы-шыңның ғана аты, ал Алатау – ұланғайыр алып тау.

Біз белгілі картатанушы-географ Молдияр Серікбаев ағамызға өтініш айтып, Медеу Пұсырманұлының атақонысының картасын жасатып алған едік. Медеу Пұсырманұлының жаз жайлау, қыс қыстауы – қазіргі Қапшағай қаласынан жоғары сонау Мыңжылқыға дейін созылады.

Медеудің ұрпақтары арасынан Беделбай, Жыланкөз, Орысбай секілді егіншілік, бағбандық секілді әке кәсібін тиянақты әрі жалғастырып, ел есінде қалғандары көп. Әттең шіркін, Медеуді қажы-діндар деп, бай-кулак деп Кеңес өкіметі кезінде есімін де, игі ісін де ататтырмай ол жайлы жазылмады, зерттелмеді, ұрпақтарын қудалады. Нұр жауған, қыдыр қонған бұл әулет бүгін өсіп-өнген "Әкеге қарап ұл туады, шешеге қарап қыз туады" демекші, Медеу ұрпақтары арасында елге танылған азаматтар көп-ақ.

ҰЛЫ ӘЗ АНАЛАР



Хауа Ана – бүкіл адамзат қауымының Ұлы Анасы.

Шәмбүл Ана – Нұқ пайғамбардың адал жары. **Дүйсүнбұл, Сейсүнбұл, Сәрсүмбұл, Бейсүмбұл, Жұмаз, Шәмбүл, Жексүнбұлдардың** Анасы. Жазғыз қызына Анасы **Шәмбұлдың** атын берген.

Алдай Ана – Кер Сақ Аб «Сансыз Бабаның» Анасы.

Әмина Ана – Ар Сақ Аб «Мұңсыз Бабаның» Анасы

Мат Опа Ана – Ұлы Алаш Қаһанның Анасы.

Ұлсай Емер «Пір Әз Сақ» Аба – Ұлы **Алаш Қаһанның** жары, **Қазақ Қаһан** мен **Созақ Қаһанның, Құзын Сауғаның** Анасы.

Бекіранас Ана – Ұлы **Қазақ Қаһанның** екінші жары, **Халұқ Сақ Абтың** Анасы.

Қал Нешім Қаһарлы Әз Мама Най Ана – Керейдің Ұлы Аналарының бірі. Бұл Ұлы Ананы – өз дәуірінде Аналардың киелі: **«Ақ төсті кимешек, Ноқталы Бәтуа басы!»** - деп атапты.

Әз Мүсия Ана, Әз Кебеже Ана, Әз Келүн (Ду Ана) **Ана – Қыпшақ Бабаның** осы үш әйелі 92 ұл туған. Олардан 92 Ордалы Ел тараған. Екі Ордасынан қалғаны ғана Қазақ халқының құрамына кіреді.

Әз Сүйкім Ай Ана – Қоңыр Ата (Сүмбіле) **Әулиенің** жары.

Үр Тұрмақ Әулие Ана.

Әз Бибі Шүкір Үзданай Нәзила Ана – Қара Бура Әулиенің Анасы. Қоңыраттың қызы.

Айша Бибі Айкер Үлім әулие, 341 қағанат Ел қарап тұрған **Тұран Елінің** Ұлы патшасы **Сары Оғлан Қараханның** қызы.

Әз Құрныз Айхон (Олеун Сұйнық) – **Шыңғысханның Анасы, Қоңырат Елінде Балқарайдан** тарайтын **Белшерек Қағанатында «Далашы»** (Сұлтан) атағы бар дәулетті **Құндас Бақтулидің** қызы.

Әз Жезбике Шілтай Ана әулие – **Көктіңұлының** Анасы. **«Қос Түйін»** әулиенің бірі.

Әз Сұлпанаш Ана әулие – **Көнтөстіктің** (Көтеншінің) Анасы. Жолы үлкен бәйбіше. **«Қос Түйін»** әулиенің бірі.

Үрғанай Ана (Домалақ Ана) әулие – **Шағатай Ханның** жетінші **Кеңесші уәзірі - Биі** болған **Оңтықай «Далашының»** (Сұлтан) қызы. **Байтүбек** (Бәйдібек) **Қорашаұлы Үйсін «Бектің»** адал жары. (Халқымызда алғашқы **«Бек»** деген **шен - атақ** алған азамат).

Әлиасқардың түсініктеме – баяны:

Бірде Ордасында Тектілермен **«Үлкен Себет»** құрып отырған **Берке Науан Хан Тәуекел Алты Алаш, Алты Арысты** дүниеге алып келген **«Мамалы Әз Аналардың»** атын атауға дәті бармайды. Осыны сезген халық өз ара сыбырласып, гуілдей бастағанда **Мәуран Ақыра Малдас Би** орнынан тұрып, қамшысын қолына алып **«Дауылпаз – даңғыраны»** бір соғып жамағатты, ханды өзіне қаратып:

- Келсең, кел ей!
Сақ Абадан Хал Нешім қаһарлы
Әз Мама Най!
Анам жолы, Елім Керей,
Жолымды бер ей!
Ашамайлы арнасы,
Алаш киелі Көл ей! – деп бір тоқтап:
- Уа, Жамағат Қазақтан!
Бата тілесең Әруақтан,
Жебе тілеме садақтан!
Мен сөйлейін, сөйлейін!
Кәде сұрасаң қонақтар!
Ұлсай Емер «Пір Әз Сақ» Абадан
Қазақ, Созақты тербеткен!
«Қос Емер» Қазығұрт ғұмыр бас
Киелі «Бозым» бұлақтан!
Алтай, Марал, Мамалы
Арғұнда туған Әлімсақтан!
Хал Нешім қаһарлы Мамасы
Керейді туған Қосақтан!
Мүсия, Кебеже, Келүнім
Тоқсан екі ұл туған Қыпшақтан!
Дәнекер Ана Уақтан!
Өлун Сұйнықты ұмытпа
Шыңғысхандай ұл тапқан!
Шілтай Жезбике Әз Ана
90 Баулы Қоңыраттан!
Құмалақ Ана Найманнан,
Домалақ Ана Дулаттан!
Ай, Берке Науан ұғып ал!
Он жеті «бұрым» бар Зайсандық,
Он жеті қызды еске алсаң,
***«Жарғыңа»** жалау тон жапқан!*
Қыр көрсетіп сөйлеме!
Екі дүниеде жол таппас,
***«Керқыздыны»** жылатқан!*
Қорқыттай өткен Бабамыз,
***«Қыздың наласы уыз!»** - деп,*
Алтын аяқтан жалатқан!
Ашамайлы Керейде
Айыр қалпақ Айдаһар,
Қытайдың мойнына құн іліп
«Керқыздыны» сұратқан!
Арнасын жиып көл етіп,
Төбеге жиып Ел етіп,
Қолына Туын ұстатқан!
Сұқтанба Жамағат, кім дерсің?
Өткендерге тоқтасам,
Қаһарына мінгенде,
Алатаудан мұз қашқан!
Қаратаудан шөл қашқан!
Қарсы алдынан жау қашқан!
«Төрт Құбыласына» жол ашқан!
Маңдайынан нұр шашқан!
«Қосақта» туған Бабамыз
Кіндігінде қылышқа жармасқан!
Хал нешім қаһарлы Мама «Най»
*Анасы **«Орғұлас»** Кереймін!*
«Қарағым» - десе қақ тұрған,
Перзенті үшін от басқан,
Басқанда, басқан ізі қалған
«Асыл Керей» - дегенде,
Анадан Текті Ұл қалған!
Тектіден киелі Ту қалған!
Өткенде көшкен «Ғұмыр Әз»
Бізде өтерміз жамағат!

Уәл Жаһанда кім қалған!?! – деп Ұлы Би тоқтағанда өзі айта алмай ішінен буынып «Дыхат» болып отырған **Берке Науан Хан Тәуекел** орнынан тұрып: ***«Тәуба, Тәуба, Би! Табалама! Тарат, тарат Таһуа! Таһуа! Тәкаппарлығым емес! Тауып айттың, тау басынан шайқадың! Таңдайы құдығым! Тіфа, тіфа!*** – деп, орнына қайта отырады. **«Мамалы»** - деген сөз, киелі Аналардың пірі деген ұғым. «**Хал Нешім қаһарлы Әз Мамалы» -** осы киелі Анамыздың Әруағынан қорыққан Ата – Бабаларымыз тіл салтына айналдырып: ***«Әр дайым есте жүрсін!»*** - деген ниетпен: ***«Халің қалай? Хал нешік?»*** - деп өсиет айтуды насият етіпті. Сондықтан да Бабаларымыз **«Мама»** сөзін қолданбай, **«Ана», «Апа»** - деп айтуды салтқа айналдырған. **«Қаһарлы Әз Мама Най»** - сөзін таратсақ: **«Хал Нешім Мама»** Анамыз ат үстінде жаудан қашып келе жатқанда толғақ қысады. Ал жау болса ізінен қалмайды. Болмағасын бір жерге келгенде атынан түсіп, босанып кіндігін қылышымен кеседі. Осы уақытта жауда жетеді. Еліне дейін әлі бір көшім қашықтық қалыпты. **«Өзім өлсем де, ұлымды өлтірмеймін!»** - деп баласын қоржынға шырылдатып сала салып, атына атыла мініп, қамшыны аттың сауырына басып, басып жіберіп, жауға қарсы шауып:

- Келсең, кел - ей! Атам Керей! – деп ұрандап екі етегі жалбырап, екі тобығынан қаны сорғалап, қылышын қолына алып жауға қарсы шауып келе жатқан қаһарлы Ананы көрген жаулар таң қалып, шошып:

- Уыз қарғысқа ұшырадық! О, Әз Мама Най! Тоқта! Тоқта! – деп аттарынан қарғып түсіп жер бауырлап жата қалып, еңіреп кешірім сұрайды.

Най деп, ежелгі Сақтар заманында Бабаларымыз **«Орғұлас»** жолбарыстың аналығын айтыпты. Бұл жолбарыстың **«Найы»** дүниеге ұрпақ әкелерде ол жерден тіршілік иелері безіп кетеді екен. Себебі бұл аналық қиналған кезде көрген жандықтарды шайнап жіберген. Бір өзі қалғанда ғана, жерді қауып, тасты шайнап барып босанған.

Осы уақиғадан кейін **«Қосақ»** деген киелі сөз пайда болады. Мағынасы: ***«Қантөгісте шаранасын қосағына алып жауға шапқан Қаһарлы Ана!»*** - деген ұғым екен. Осы уақиғадан кейін жауласуға келген Кер Сақ Абтың бір ұрпағынан тараған **«Таңғұр» тайпасы** бала-шағасына дейін бірі де қалмай келген індеттен қырылып кетеді.

Хал Нешім Маманың атына **Қаһарлы Най** деген киелі ат қосылады.

«Мамалы» - деп 100 ден асқан өзі білімді, бірнеше келіні бар данышпан Ананы атайды.

«Қыз мамалы» - деп 100-ден асып, өмір-бақи тумаған ананы айтады.

«Мама» - сөзі, Әлімсақтан пайда болған ұғым. **«Мама ағаш»** - деп бір ғасырдан артық тұрған жеміс талды айтқан. **«Мама бие»** - деп 11-12 рет құлындаған жануарды айтады. Ал **«Мамалы Найыз Әже»** - деп бір ғасырдан артық өмір сүрген киелі Әз Аналар-ымызды айтқан.

«Керқыздыны» - дегені Қытайлар шапқан **Зайсан Елінен** аман қалған **17 қыз** Керейлерден пана тауып, бойжеткесін сол Елдің жігіттеріне тұрмысқа шығады. Кейін Наймандар: ***«Ағайындарымыздың қыздарын «қалыңсыз» алдыңдар!»*** - деп екі арадағы туындаған дау-жанжалдардан кейін олардан тараған ұрпақтарды бөліп шығарып **«Керқызды» Елі** пайда болады. Бұлар қазіргі **Қырғыздардың** ата – бабалары.

«Ұлы Бабалар насияты»
кітабынан.

(Соңы. Басы өткен санда).

Сапақ датқа айтыпты:

– Бұлақ көрсең, арнасын тазалап
көлге баста!
Аз болсаң, көпке қосылып елге баста!
Ортаңда ақылы озған биің болсын!
Босағаңдағы басыңды төрге бастар!
Көктіңұлы жиналып кеңес құрдық....
Көтеншілер қиналса, демеп тұрдық!
Жалпы Жандар жиналып жар салғанда,
Сырымбеттен аз еді еркек кіндік.
Жандардың Қарабаласын
бауырымызға тартып,
Мырзашөл мен Түркістанның арасында
ойнап күлдік!
Он төртімде тектінің батасын алдым!
Ділмарлықпен Қоқанға қарсы жұмылдық!
Бауырым Мұсабектей батыр бар ма?!
Тоқсан баулы Қоңырат теңіздей
толқи қалса,
Мұздай қатқан жау алдының шебін бұздық!
*Арқаның тектілері: **«Ал!»** – деп айтса,*
Қоқанның ордасында еркін жүрдік!
Алланың берем десе ырысы мол!



Сапақ датқа
(Олжабек Қалдарбекұлы)

САПАҚ ДАТҚА

жайында табылған тың деректер

Мысыр асып, орыспен сауда қылдық....
Айтқанымыз ақ, жегеніміз май болған соң,
Тектілермен тең басып өмір сүрдік!
*Олжабек атым өзгеріп, **«Сапақ!»** атандым!*
Мұндай атақ берілер,
Алты Арыстан туған болса,
Мыңнан біреуге үздік!

Сапақ датқаның от ауызды, орақ тілінен өрбіген жыр жолдарын сараласақ, Қоқан ханының тұсында Жандардың Қарабаласынан тарағандар жиырма жеті ауыл болса, ал Жандардың Сырымбет әулетінен тарайтындар жеті - ақ ауыл ғана болған. Соның ішінде үш ауыл Көбек Атадан тарағандар толтырып тұрған.

Сапақ датқаның Қоқанның құсбегісіне айтқаны:

– Ей, Қоқанның құсбегісі!
Қан тілеп қаһарыңды талай төктің...
«Қанжолар» дауға салсаң да ортаға алып,
Қамырдан қыл суырғандай әділ шештім!
Жалпақ Жандар дарияға көпір болып,
Басын қостық Түркістанда екі көштің!
Қарабаласын Жандардың қасқыр десе,
Ал өзім жалпақ Жандардың ішінде
Сырымбетпін!
Арғы бабам көкең қарағай Жер Көсе би!
Хан Тәуекелдің «Жеті жарғысына»
«Үшбау» қосқан!
Аузы дуалының өзі еді, әруағы құдіреттінің!
Әкемді сұрап әруағын қозғағандарға,
Шапқанда шаңға аунатпай көкпарды алған,
Перзенті едім пейілі кең Қалдарбектің!

Сапақ датқаның Қоқанның ханына айтқаны:

– Шешім айтар күн туды майдаламай!
***Байзақты** зеңбіректің аузына байлап атып,*
***Дулатты** тентіреттің айдалаға-ай?!*
***Қазақ, қырғыз** арасына өсектің*
өртін тұтатып,
*Жиенім **Есіркеп батырды** өлтірттің,*
ай сумақай!...
***Қосым биді** өлтірдің зынданда ұстап,*
Ендігі Қазақ көнбейді бұл жалаға-ай!
Бардан бәле, жоқтан жазсай шималмай...
*Түстігіңде **Қызылбас**, шығыста **Қытай,***
*Желкеңде **шоқынды** тұр!*
Пәрменіңді пәлегімен ауыстыр, мырзаламай!
***Айбынды Абылайдан** садақа кет!*
Сарт сасығым!
Әруағынан кешірім сұра, жұлмаламай!
***Арқаның тектілері** бері бұрылды!*
*Боларсың **Күлтөбеде** «Ханталапай!».*

Сапақ датқа мен Жетес би туралы

Сапақ датқа мен Жаманқара батыр екеуі бір үлкен даудың алдында мәслихат құрып отырғанда, *«Бестораңғылға Кіші жүзден Мырзабайбидің әруағына зиярат жасауға Жетес би келіпті!»* – деген хабар жеткенде Сапақ датқа арнайы адам жіберіп қонақасқа шақырады. Бата қайырылып, ел арасындағы анау-мынау даулардың шешімдерін, елдің жаңалығын сұрастырып болған соң Сапақ датқа Биге қарап былай деп сауал қояды:

– Уа Жетес би! Аузың дуалы азаматсың, тектілігің туға байланған! Алты ата Көктіңұлы тектінің ұлына жата ма? Жүрегіңді ашып, жөргегіме батаңды шашып сөйлеші! – депті. Сонда Жетес би:

– Көкең қарағай Жер Көсе,
Бата берсе дән сүйген!
Алшаң Көкті ел сүйген!
Жортпасыңа ту тиген!
Жиенді шапқан ел болмас,
Орғанасқа тіл тиген!
Батасы қонған тектінің
Мырзабай аузыңа түкірген,
Сапақ, саған кім тиген?! –

деп тоқтағанда, Сапақ датқа:

– Ай жігіттер! Жетес биге жеті қара мінгізіп, үстіне жібек шапан жабыңдар! Ертең **«Киелі Табақ Бестораңғылға»** Орғанастың үрім - бұтағы Құлтайларды жинап, **Түгіскен руының** игі жақсыларын шақырып, Арқаның тектілерінен туған, Атаң Алатауға да бата берген Ашамайлы Керейдің ұрпағы Ырсымбет балуаннан бата тілеңдер! Қарғыстың қарасы, ердің тәубасымен тарайды! Алғыстың зирасы әруақтың дуасымен тарайды! Бүкіл Қоңыратқа ат шаптырыңдар! – деп «Киелі Табақ Бестораңғылда» Ашамайлы Керейден тараған Батыр Ханбастың шөбересі Ырсымбет балуаннан Жаманқара бас болып, сол жыйында Жетес биде болып, тектілерден бата алады.

Әлиасқардың (1976 жыл 19 мамыр. Ақпан темір жол бекеті) **түсініктеме – баяны:**

Құрсанкөктен үлкен ұлы **Құлжа** туылады. Бұл қазіргі **Түгіскен Құлшығаштар.** Құрсанкөк – «Киелі Табақ Бестораңғылда» туылады. **«Түгіскен»** – деген сөз: *«Түбіміз өскен» жер!* – деп айтқаны. Бесайдар Тутіккен – Жортпастың өзі, яғни қазіргі рудың аты. Қоқан ханының тұсында ханның бектері Қазақ руларының шежірелерін жинатып Самарқанның алымдарына лақап шен атақтар беріп өзгерткен. Сондықтан да Қоқан хандығымен, Самарқан, Ташкент ұлықтарымен Қазақтың тектілерінің арасындағы дау - жанжал осыдан туып отырған. Қоқан хандығының бұлай істеуі: *«Елжамбысы өзгергенде, Тектілер билік айта алмасын! Қазақтың келер ұрпақтары бір - бірімен дауласып, қоластымызға билік сұрап өздері - ақ келеді!»* – деп, ең бірінші **Қоңырат** пен **Дулаттың** шежіресінің түпнұсқасын өзгертіп: *«Шариғатпен бекітілді!»* – деп Ұлысбасыларына таратады. Қоқан хандығы **он екі ата Байұлы** мен **Керей, Арғындардың** шежіресін өзгерте алмаған. Осының салдарынан қоқандар қайда жол жүрсе де, қандай заң шығарса да істерінің соңы жеміссіз, нәтижесіз болған. Бұған дәлел: Орыс елшілері мен Арқаның тектілері арқылы келісімшарт жүріп отырған. Бұл шарасыздықтың соңы тектілерге бас июге тура келген. Ал Қоқан хандығы Қазақ халқының бұрынғы ілімін, шежіресін Дала заңдарын, «Елжамбысын», қан тарату, салт - дәстүрін өзгерткенде, Орыс, Қытай, тағы басқа елдердің ірі түлғалары тікелей Қоқан хандығымен байланысуға мәжбүр болар еді - депті.

Әлиасқар БАЙҒҰТҰЛЫ, (22.03.1898 жыл - 21.03.1981жыл) – Ұлы Сыпыра шежіреші. **«Бестаңба», «Ізбөрі», «Ғасыр Табақ насияттары»** кітабынан **«Құсілім», «Қадым», «Ықылым»** замандарынан қалған баға жетпес жәдігерлерді жеткізуші, басты бұлақ көзі.

Ақпантай ӘЛИАСҚАРҰЛЫ (02.02.1962 жыл – 10.05.2009 жыл) – ерекше қабілет иесі, құймақұлақ, қазіргі заманғы «үнтаспаның» қызметін атқарып, халқына мол жәдігерлерді, мұрахаттарды жеткізіп кеткен **«Екі дүниенің арасын жалғаушы «Дәнекер!»**

Асан ТҰРАБАЕВ – бұл ұлы мұраларды тұңғыш рет қағаз бетіне, үнтаспаға жазып алған тарих танымгері, өнертанушы.

Шежірені ғалам тарихымен салыстырып, жүйелеп, қалпына келтіріп халқымызға жеткізуші, түсіндірме жазып, ғылыми деректермен толықтырып, ғаламторға, баспаға дайындаған **Ілесбек БАЙЖАНОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**
Шымкент шаһары.

ҚОРЖЫНДА ТАҒЫ ДА ЖАЛҒЫЗ ҚОЛА

Биылғы 9-25 ақпан аралығында Оңтүстік Кореяның Пхенчхан және Каннын қалаларында XXIII қысқы Олимпиада ойындары өтті. Сөз орайы келгенде 1988 жылы 17 қыркүйек пен 2 қазан аралығында осы елдің астанасы – Сеулде XXIV жазғы Олимпиада ойындары өткенін естеріңізге сала кетейік. Бойтұмары ретінде Ақ барысты таңдаған бұл байрақты бәсекеде төрткүл әлемнің 92 елінен келген 2925 саңлақ спорттың 15 түрінен 102 медальдар жиынтығын сарапқа салды. Ақ Олимпиаданың ашылу салтанатына 26 мемлекеттің басшылары қатысты. Сонымен қатар Олимпиаданың тарихында Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея елдерінің спортшылары тұңғыш рет бір тудың астына бірігіп, ашылу және жабылу салтанаттарында бірге сап түзеп жүріп өтті. Ал допинг дауына ілігіп, жарыс ережелерін өрескел бұзған Ресей құрамасы Халықаралық Олимпиада Комитетінің туы астында шықты. Төртжылдықтың басты бәсекесіне Америка Құрама Штаттары – 242, Канада – 226, Ресей – 169, Германия – 156, Латвия – 34, Украина – 33, Беларусь – 33, Эстония – 22, Литва – 9, Грузия – 4, Армения – 3, Қырғызстан, Молдова, Өзбекстан – 2, Әзірбайжан – 1 саңлағын бәйгеге қосты. Тәжікстан мен Түрікменстан жауапты жарыстан шеттеп қалды.


Ю.Галышева

Ақ Олимпиадаға Шығыс Қазақстан облысынан –12, Павлодар облысынан – 8, Алматы қаласынан – 6, Ақмола облысынан – 5, Оңтүстік Қазақстан облысынан –5, Қарағанды облысынан – 3, Қостанай облысынан –3, Батыс Қазақстан облысынан –2, Қызылорда облысынан –1, Солтүстік Қазақстан облысынан –1 спортшы аттанған еді. Оңтүстікқазақстандықтардың арасында фристайл-акробатикадан Еуропаның қос дүркін абсолюттік чемпионы, Алматы Универсиадасының қола жүлдегері, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жанбота Алдабергеновадан бөлек Қазақстан чемпиондары – Маржан Ақжігіт, Ақмаржан Қалмұрзаева, ел чемпионатының қола жүлдегерлері – Анна Жолдас, Ильдар Бадрутдинов болған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитеті Спорт дирекциясының директоры Елсияр Қанағатовтың мәлімдеуінше, Ақ Олимпиадада олжа салған саңлақтар мен олардың бапкерлеріне қомақты қаржылай сыйақы белгіленген болатын. Чемпион атанған спортшы мен оның жаттықтырушысының әрбірі – 250 мың доллардан, күміс медаль еншілегендер – 150 мың доллардан, қола жүлдегерлер – 75 мың доллардан алатын еді. Сонымен қатар төртінші, бесінші, алтыншы орын иемденгендер тиісінше, 30; 10; 5 мың доллардан қаржылай сыйақы алатын болған. Бұдан бөлек облыс әкімдіктері тарапынан бонус ретінде пәтер, автокөлік, қаржылай сыйақы берілуі де мүмкін. Қазақстан Ұлттық Олимпиада құрама командасына 2014 жылғы Сочи жоғары нәтиже көрсету жоспарланғанымен, бірақ бұл тапсырма орындалмай қалды. 2014 жылғы Сочи Олимпиадасында Денис Теннің қола медалінен бөлек Дмитрий Рейхард (фристайл-могул) – бесінші, Жанбота Алдабергенова (фристайл-акробатика) – алтыншы, Юлия Галышева (фристайл-могул), Денис Кузин (коньки), Роман Креч (коньки) – жетінші, Алексей Полторанин (шаңғы, 15 шақырым) – тоғызыншы, Павел Колмаков (фристайл-могул) – оныншы орындарды иеленіп, үздік ондыққа енген еді. Биыл Юлия Галышеваның (фристайл-могул) қола медалінен бөлек Нұрберген Жұмағазиев, Абзал Әжіғалиев, Денис Никиша, Еркебұлан Шамұханов (шорт-трек, эстафета) – алтыншы, Жанбота Алдабергенова (фристайл-акробатика), Павел Колмаков (фристайл-могул) – жетінші орындарды еншіледі.

Азиада – 2011, Универсиада – 2017 жарыстарын табысты өткізген тәжірибесі бар, Астанада «Алау» атты керемет мұз сарайы, Алматыда «Медеу» мұз айдыны, тіпті аппақ қары жоққа тән, жылдың төрт мезгілі жаймашуақ жылы аймақ, күншуақты Шымкенттің өзінде мұз сарайы, тағы басқа да спорт кешендеріне ие, бұған қоса-қабат шетелдердегі ең таңдаулы деген спорт кешендерінде жаттығу жасау мүмкіндігі берілген мемлекеттің мақтаулы деген саңлақтары үшін бұл тым ұят тірлік. Осы орайда ақшақарды тек үйлеріндегі тоңазытқышта ғана көретін Гана, Мадагаскар, Мексика, Того, Эритрея елдерінің Ақ Олимпиадаға қалай қатысып жүргеніне таңымыз бар. Тонголық таэквондошы әрі шаңғышының өздерінде жоқ қары бар елдерге барып, жаттығу жасауға қалайша қаржы тапқанына да таңғалмауға амалымыз қалмай отыр. Тіпті қар көрмейтін Аустралияның өзі екі күміс, бір қола медальмен – 23 орынды, Жаңа Зеландия екі қола медальмен Испаниямен бірге – 26-27 орындарды еншілеген.

Спорт шежіресіне үңілсек, тәуелсіз де егемен еліміздің саңлақ спортшылары қысқы Олимпиада ойындарына 1994 жылдан бері қатысып келеді. Сол жылы Норвегияның Лиллехамер қаласында өткен дүбірлі додада шаңғышы Владимир Смирновтың жалғыз өзі бір алтын, қос күміс медаль олжалап, мерейімізді үстем еткен болатын. 1998 жылы Жапонияның Нагано қаласында өткен байрақты бәсекеде тағы да сол В.Смирнов пен конькимен жүгіруші Людмила Прокашина қола медаль иеленді. Өкінішке орай, 2002 жылы АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити, 2006 жылы Италияның Турин қалаларында өткен сайыстардан жерлестеріміз жүлдесіз оралды. 2010 жылы Канаданың Ванкувер қаласында өткен Ақ Олимпиадада биатлоншы Елена Хрусталева күміс медальмен күптелді. 2014 жылы Ресейдің Сочи қаласында өткен жарыстан мәнерлеп сырғанаушы Д. Тен қанжығасын қола медальмен майлап қайтқанын бәріңіз жақсы білсеңіздер керек.

Шетелдік сарапшылардың болжамы бойынша бейресми жалпыкомандалық есепте Германия (15 алтын, 10 күміс, 14 қола медаль) топ жарады дескен. Норвегия (13 алтын, 14 күміс, 13 қола медаль) мен АҚШ (11 алтын, 6 күміс, 12 қола медаль) тиісінше, екінші-үшінші орындарды өзара бөлісетінін болжаған болатын. Іс жүзінде жалпы алғанда, 30 елдің ұлттық құрама командалары жеңіс тұғырына көтеріліп отыр. 14 алтын, 14 күміс, 11 қола медальмен Норвегия көш бастады. 14 алтын, 10 күміс, 7 қола медальмен Германия екінші орынды еншіледі. Үздік үштікке іліккен Канада 11 алтын, 8 күміс, 10 қола медальға ие. Алғашқы ондықтағы АҚШ 9 алтын, 8 күміс, 6 қола медальға, Нидерланды 8 алтын, 6 күміс, 6 қола медальға, Швеция 7 алтын, 6 күміс, 1 күміс медальға, Оңтүстік Корея 5 алтын, 8 күміс, 4 қола медальға, Швейцария 5 алтын, 6 күміс, 4 қола медальға, Франция 5 алтын, 4 күміс, 6 қола медальға, Аустрия 5 алтын, 3 күміс, 6 қола медальға иелік етіп отыр. 13 орындағы Ресейде 2 алтын, 6 күміс, 9 қола медаль, 15 орындағы Беларуста 2 алтын, 1 күміс медаль, 21-22 орындардағы Венгрия мен Украинада 1 алтын медаль бар. Тек 1 қола медальмен ғана қанағаттанған Қазақстан, Латвия мен Лихтенштейн 28-30 орындарды өзара бөлісіп тұр. 20-дан астам олимпиадалық рекорд тіркелді.

Беларусь құрамасының биатлоншысы Динара Әлімбекова – Олимпиада ойындарында чемпион атанған тұңғыш қазақ қызы екенін біле жүріңіздер. Ол 1996 жылы Қарағанды облысының Абай қаласында дүниеге келген. Әкесінің ұлты – қазақ, анасы – беларус қызы. Динара үш жасқа толғанда олар отбасылық жағдайына байланысты Беларусқа қоныс аударған екен. Ұстазының ақыл-кеңесіне орай 11 жасынан шаңғы тебе бастаған. Келесі жылы Могилев облысының Чаусы қаласындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің биатлоншылар бөліміне қабылданған. 2011 жылы Беларусь жастар құрамасына мүшелікке қабылданып, жасөспірімдер арасындағы жарыстарда жеңіске жетіп жүрген. 2015 жылы ақпан айында өз елінде өткен Әлем чемпионатында эстафеталық жарыста топ жарған. 2018 жылы 22 ақпан күні Ақ Олимпиададағы биатлоннан өткен 4х6 шақырымдық эстафетада Надежда Скардино, Ирина Кривко, Дарья Домрачева (төрт дүркін Олимпиада чемпионы!) секілді құрбыларымен бірге жарыс жолына шыққан олар 1:12:03.4(0 + 9)0.0 нәтиже көрсетіп, швед және француз қыздарын артта қалдырып, алтыннан алқа тағынды. Осы қуанышты хабарды ести салысымен Беларусь Президенті Александр Лукашенко олардың бәрін «За личное мужество» («Жеке ерлігі үшін») орденімен марапаттаған. Сөз орайы келгенде Динараның Евгений есімді інісі, Ульяна атты сіңлісі бар екенін тілге тиек ете кетейік. Өзі биыл дене тәрбиесі институтын бітіргелі отыр. Өкінішке орай ол журналистерге берген сұхбатында өзінің атамекенінен әлі күнге дейін ешқандай ұсыныс түспегенін айтады.

Қазақстан ұлттық құрама командасы 57 Олимпиада жолдамасына иелік еткенімен төртжылдықтың басты бәсекесіне қатысқан 46 саңлақ спорттың тоғыз түрінен өздерінің бағын сынап көрген. Олардың арасында 12 (7) шорт-трекші, 12 (6) конькимен жүгіруші, 10 биатлоншы, 9 фристайлшы (4 могулшы, 5акробатшы), 7 шаңғы тебуші, 3 мәнерлеп сырғанаушы, 2 тау шаңғысы жарысының шебері, 1 шана спортының шебері, 1 трамплиннен секіруші болды. Ақ Олимпиаданың ашылу салтанатында егемен еліміздің көк байрағын шорт-трекші, 2016 жылы АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласында өткен Әлем кубогының екінші кезеңінде алтыннан алқа таққан, 2017 жылы Алматыда өткен Бүкіләлемдік XXVIII қысқы Универсиаданың күміс жүлдегері Абзал Әжіғалиев (Батыс Қазақстан облысы) ұстап шықты. Бұған дейінгі Олимпиадаларда трамплиннен секіруші Қайрат Биекенов (1994), шаңғышы Владимир Смирнов (1998), конькимен сырғанаушы Радик Бикчентаев (2002), хоккейші Александр Корешков (2006), биатлоншы Диас Кенешов (2010), шаңғышы Ердос Ахмадиев (2014) ту көтеріп шыққан болатын.

Ақ Олимпиадада олжа салады-ау дегендердің қатарында фристайл-могулдан Әлем чемпионаттарының күміс және қола жүлдегері, Әлем кубогы кезеңдерінің жеңімпазы және жүлдегері, Азия ойындарының бірнеше дүркін жеңімпазы, 2017 жылы Алматыда өткен Универсиаданың чемпионы Юлия Галышева (Шығыс Қазақстан облысы), осы спорт түрінен Әлем чемпионаттары мен Әлем кубоктарының бірнеше дүркін жеңімпазы әрі жүлдегері Дмитрий Рейхард (ШҚО), фристайл-акробатикадан Еуропаның қос дүркін абсолюттік чемпионы, Алматы Универсиадасының қола жүлдегері, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жанбота Алдабергенова (ОҚО), мәнерлеп сырғанаушылар – Сочи Олимпиадасының қола жүлдегері Денис Тен (Алматы қаласы), Элизабет Тұрсынбаева (Қызылорда облысы), конькимен жүгірушілер – Роман Креч (Солтүстік Қазақстан облысы), Денис Кузин (Қостанай облысы), Екатерина Айдова (Қарағанды облысы), биатлоншы Галина Вишневская (ШҚО), шаңғышы Алексей Полторанин (ШҚО) бар болатын.

Осылардың арасынан тек Юлия Галышева ғана фристайл-могул жарысында үздік үштікке ілігіп, Қазақстан қоржынына жалғыз ғана қола медаль салды. Қайсар қыз қол жарақатынан толық жазылып үлгермей жауапты жарысқа қосылғанына қарамастан бірінші финалдық кезеңде 76,36 ұпай (6 орын), екінші финалдық кезеңде 75,10 ұпай (7 орын), үшінші финалдық кезеңде 76,81 ұпай (6 орын) жинады, ал шешуші ақтық финалдық кезеңде 77,40 ұпай жинады. Сөйтіп, фристайл-могулдан Олимпиадада жүлде иеленген алғашқы қазақстандық спортшысы атанды. Сөз орайы келгенде оның 2010 жылғы Ванкувер Олимпиадасында 11, ал 2014 жылғы Сочи Олимпиадасында 7 орын иеленгенін тілге тиек ете кетейік. Жүлдегерді алғашқылар қатарында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы шынайы құттықтады. Баспасөз мәслихатында ол өзіне осыған дейін Канададан, Ресейден ұсыныстар түскенін, алайда азаматтығын ауыстырмайтынын айтқан.

Өкінішке орай 16 жасар Аяулым Әміренова (ШҚО) аяғы қардың тапталмаған жұмсақ жеріне кіріп, бағытынан сәл ауытқып кетті. Сонда да құламастан жарысты аяқтап шықты. Сөйтіп, 52,78 нәтижемен 26 орынды иеленді.

Алғашқы іріктеу мен кіші финалдан сүрінбей өткен Д. Рейхард (81,23) аздаған қателік жіберіп, 58,64 ұпаймен медальға таласатын үлкен финалға өте алмады. Шығысқазақстандық П.Колмаков (79,98) 76,10 ұпаймен Олимпиаданы сегізінші орынмен аяқтады.

Әйелдер арасындағы фристайл-акробатика жарысында Жанбота Алдабергенова – 7, Маржан Ақжігіт – 12, Ақмаржан Қалмұрзаева – 16, Аяна Жолдас – 18 орындарды иеленіп, олардың ешқайсысы да финалдық сынға шыға алмады.

Ильдар Бадрутдинов та жарысты ерте аяқтауға мәжбүр болды. Оның бірінші және екінші кезеңдерде да жолы болмады. Жарыс жолындағы нәтижесі – 94,7.

Шорт-трекшілердің 1500 метрлік сайысында Денис Никиша (Павлодар облысы) төртінші орынға сырғып, финалдан тыс қалды. Нұрберген Жұмағазиевтің (БҚО) күтпеген жерден конькиі мұзға тіреліп, жарысты ерте аяқтады. 1000 метрге жүгірген сол Н. Жұмағазиев өз тобында соңғы орында қалып, ширек финалға шыға алмады. 5000 метрлік эстафетада Н. Жұмағазиев, А.Әжіғалиев, Д. Никиша, Еркебұлан Шамұқанов (Павлодар облысы) төртінші жарыс жолында қате жіберіп, финал жолдамасынан айырылды. Соңғысы құлап қалып, қайта тұрып жүгіргенше қарсыластары ұзап кетті. 500 метрлік жарыста А. Әжіғалиев (40.835) – финалға шыға алмаса, Д. Никиша (40.806) мен Н. Жұмағазиев (40.748) жартылай финалға шыға алмады. Соңғысы тіпті мәре сызығын кесіп өте алмай қалды. 5000 метрлік эстафеталық жарыста Н. Жұмағазиев, А. Әжіғалиев, Д. Никиша, Е. Шамұқанов (6:52.791) – алтыншы орынды еншіледі.


Д.Әлімбекова

XXIII ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ МЕДАЛЬДАР ЖИЫНТЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

Орындар	Елдер (ҰОК)	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1.	Норвегия	14	14	11	39
2.	Германия	14	10	7	31
3.	Канада	11	8	10	29
4.	АҚШ	9	8	6	23
5.	Нидерланды	8	6	6	20
6.	Швеция	7	6	1	14
7.	Оңтүстік Корея	5	8	4	17
8.	Швейцария	5	6	4	15
9.	Франция	5	4	6	15
10.	Аустрия	5	3	6	14
11.	Жапония	4	5	4	13
12.	Италия	3	2	5	10
13.	Ресей	2	6	9	17
14.	Чехия	2	2	3	7
15.	Беларусь	2	1	0	3
16.	Қытай	1	6	2	8
17.	Словакия	1	2	0	3
18.	Финляндия	1	1	4	6
19.	Ұлыбритания	1	0	4	5
20.	Польша	1	0	1	2
21-22.	Венгрия	1	0	0	1
21-22.	Украина	1	0	0	1
23.	Аустралия	0	2	1	3
24.	Словения	0	1	1	2
25.	Бельгия	0	1	0	1
26-27.	Испания	0	0	2	2
26-27.	Жаңа Зеландия	0	0	2	2
28-29-30.	Қазақстан	0	0	1	1
28-29-30.	Латвия	0	0	1	1
28-29-30.	Лихтенштейн	0	0	1	1
Барлығы		103	102	102	307

Әйелдер арасындағы 500 метрге жүгіруде Анастасия Крестова (Қостанай облысы) өз мүмкіндігін толық пайдалана алмады. 1500 метрлік қашықтыққа сынға түскенде төрешілер тарапынан ескерту (пенальти) жасалып, жарыстан шығып қалды. Оңтүстік Кореядан аттай қалап шақырып алған Ким Ионг А (2:29.875) мәреге төртінші келіп, ширек финалға өте алмады. 1000 метрлік жарыста А. Крестова мен Ким Донг А – ширек финалға шықпай қалды.

Шаңғы жарысында (скиатлон, 15+15 шақырым) қостанайлық Виталий Пухкало (1:19:46.7) – 34, Ақмола облысының өкілі Евгений Величко (1:21:03.9) – 43 орындарды місе тұтты. 15 шақырымдық еркін әдіспен жүгіруде Виталий 54, Евгений 61, Ақмола облысының өкілі Денис Волотка 64 орындарды місе тұтты. Алексей Полторанин, Виталий, Евгений, Денис эстафеталық жарыста сегізінші орынды иеленді. Шаңғымен еркін әдістегі 15 шақырымдық жарыста В. Пухкало (36:57.4) – 34, Е. Величко (37:28.6) – 61, Д. Волотка (37:39.8) – 64 орындарды иеленді. А. Полтаранин (ШҚО) классикалық тәсілмен спринтерлік қашықтықтың іріктеу сайысында 13 нәтиже көрсетіп, ширек финалға шыққанымен, төртінші орынмен жартылай финалға қатыса алмады. Денис Волотка іріктеу сынында 51 орынды қанағат тұтты. 4х10 шақырым бойынша сынға түскен Алексей, Евгений Величко, Виталий, Денистің нәтижесі – сегізінші орын. 50 шақырымдық марафон жарысында шаңғышы А.Полторанин (2:13:37.1) – 15, Е.Величко (2:21:43.2) – 39, В. Пухкало (2:27:10.6) – 52 орындарды, иеленсе, Д. Волотка – мәре сызығын кесіп өте алмады.

Әйелдер арасындағы сында (скиатлон, 7,5+7,5 шақырым) павлодарлық Анна Шевченко (44:25.1) – 36, шығысқазақстандық Елена Коломина (46:28.5) – 54 орындарды иеленсе, аяғынан шаңғысы шешіліп кеткен Ақмола облысының өкілі Валерия Тюленова мәреге жетіп келе алмай қалды. 30 шақырымдық шаңғы жарысында А. Шевченко (1:35:36.1) – 31, В. Тюленова (1:35:38.0) – 32, Е. Коломина (1:35:38.4) – 33 орындарда қалып қойды. Еркін әдіспен 10 шақырымдық жарыста В. Тюленова (28:20.7) – 47, А. Шевченко (28:56.9) – 56, Е. Коломина (29:13.0) – 63 орындарға жайғасты. А. Шевченко ғана іріктеу кезеңінен өткенімен ширек финалда өз тобының соңында мәреден өтті. Е. Коломина – 55 орынды иеленсе, В. Тюленова – 60 орынында қалып қойды.

Биатлоншылар бәсекесінде (спринт, 10 шақырым) Ақмола облысының өкілі Роман Еремин (25:21.9) – 43, шығысқазақстандықтар – Вячеслав Витенко (26:32.7) – 79, Василий Подкорытов (26:34.7) – 80, павлодарлық Максим Браун (27: 46.7) – 85 орындарда қалып қойды. 12,5 шақырымдық із қуалау жарысында (пасьютте) Ақмола облысының өкілі Р. Еремин (38:51.1) – 52 орынды иеленді. 20 шақырымдық жекелей жарыста екі реттен қателескен Максим (53:50.7) – 61, Василий (53:52.5) – 62, Ақмола облысының өкілі Тимур Хамитгатин (54:52.7) – 72, жеті рет жаңылысқан шығысқазақстандық Владислав Витенко (57:11.3) – 83 орындарды місе тұтты. Биатлон 4х7,5 шақырымдық эстафетада – 17 орынды иеленген Қазақстан құрама командасы жарыстан шығарылып жіберілген.

Әйелдер арасындағы сында (спринт, 7,5 шақырым) екі рет қате жіберген Галина Вишневская (22:52.2) – 30, павлодарлық Дарья Климина (23:47.7) – 58, екі рет қате жіберген тағы бір шығысқазақстандық Ольга Полторанина (23:59.6) – 63, павлодарлық Алина Райкова (24:33.8) 71 орындарда қалып қойды. 10 шақырымдық із қуалау жарысында бір рет қателескен Галина (33:05.9) – 20, сегіз рет қателескен Дарья (38:00.0) – 57 орындарды місе тұтты. 15 шақырымдық жекелей жарыста үздік 40 спортшының қатарынан көріне алмады. Үш рет мүлт кеткен Галина (46:23.4) – 45, екі рет қателескен Ольга (46:36.5) – 46, Алина (46.37.4) – 47, Дарья (46:44.4) – 51 орындарға жайғасты. 4х6 шақырымдық эстафеталық жарыста (1:14:18.0) – 14 орынды місе тұтты.

Аралас эстафетадағы 2х7.5 шақырымдық+2х6 шақырымдық жарыста Галина, Алина, Роман, Максим (1:14:13.7) – 18 орынды еншіледі.

Коньки спортынан 1500 метрлік жарыста алматылық Федор Мезенцев (1:48.23) – 28, Денис Кузин (1:49.14) – 30 орындарды иеленіп, жарысты ерте аяқтады. 500 метрлік жарыста қарағандылықтар – Станислав Палкин (35.33) – 24, Артем Крикунов (35.34) – 25, Роман Креч (35.92) – 30 орындарда қалып қойды. 1000 метрлік жарыста Д. Кузин (1:10.13) – 27, С. Палкин (1:10.149) – 29, Ф. Мезенцев (1:10.62) – 33 орындарды қанағат тұтты. Жаппай жарыста Ф. Мезенцев – финалға шыға алмады.

Әйелдер арасындағы 1000 метрлік жарыста Екатерина Айдова (1:17.09) –24 орынды, 1500 метр қашықтыққа өткен сайыста (1:59.05) – 18 орынды, 500 метрлік жарыста (38,96) – 21 орынды місе тұтты.

Шаңғымен тұғырдан секіру сайысында Сергей Ткаченко (ШҚО) іріктеуден ары аса алмай, 83,70 ұпаймен 47 орынға жайғасты.

Тау шаңғысының еркін әдісті қоссайыста сынға түскен Игорь Закурдаев (Алматы) жылдам құлдилауда – 42, слаломда –32 нәтиже көрсетіп, жалпы есепте (2:15.47) – 31 орында қалып қойды. Ол ылдидағы жылдамдық жарысында (1:45.01) – 39 орынды, супер гигант жарысында (1:29.96) – 41 орынды, гигант слаломда (2:35.07) – 51 орындарды місе тұтты. Слалом жарысында И. Закурдаев – мәре сызығын кесіп өте алмады.

Әйелдер арасынан сынға түскен Мария Григорова (Алматы қаласы) гигант слаломда және слаломда бірінші және екінші жүгірісте де (2:41.19 және 2:04.37) – 51 орынды иеленді.

Шана спортынан Никита Копыренко (Алматы) бірінші іріктеуде 36, екіншісінде 36 орындарды иеленіп, финалдық кезеңге шыға алмады.

Мәнерлеп сырғанаушы Д. Тен жекелей сында 70,12 балмен 27 орынды еншілеп, келесі еркін әдістегі бағдарламаға шыға алмай қалды.

Әйелдер арасынан Э. Тұрсынбаева (177.12) – 12 орынды иеленсе, Айза Мамбекова (44.40) – 30 орынды місе тұтып, еркін бағдарламаға жетіп келе алмады.

* * *

Келесі XXIV қысқы Олимпиада ойындары Қытай Халық Республикасының астанасы – Бейжіңде өтеді. Сөйтіп, олар қысқы және жазғы Олимпиадаларды тұңғыш рет өткізген қала атанғалы отыр.

Ә. ҚАҢТАРБЕК.

Құттықтаймыз!



Қымбатты Жанат ханым!
Сізді, өзіңіз басшылық жасап отырған Шымкент қалалық білім бөліміндегі айдай аппақ аруларды және шырайлы шаһарымыздың білім ордалары мен мектепке дейінгі мекемелерінде қызмет істейтін барша қыз-келіншектерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шынайы құттықтаймыз! Қашанда көгілдір көктемдей күлімдеп жүре берулеріңізге тілектеспіз! Жарқын болашағымыз болып саналатын бүгінгі өскелең ұрпаққа терең де сапалы білім, тәлімді тәрбие беру жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!



Аяулы Гүлнар Құрманбекқызы!
Сізді және өзіңіз жетекшілік жасайтын Шымкент қалалық медициналық жедел жәрдем көрсету стансасындағы қыз-келіншектерді – ақ желенді абзал жандарды төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Халықтың денсаулығын сақтау жолындағы тынымсыз да жауапкершілігі мол еңбектеріңге толағай табыс тілейміз!Халық қалаулысы ретінде сайлаушыларыңыздың аманаттарына адалдық танытып, ел сенімі мен сый-құрметіне бөлене беріңіз!



Қадірлі Рабиға Әбдімұсақызы!
Сізді, өзіңіз ректорлық қызмет атқаратын Қазақстан халықтар достығы университетінің барлық қыз-келіншектерін көктем мерекесімен шын ниетпен, ыстық ықыласпен құттықтаймыз! Білімді де білікті ұстаз, облыстық мәслихаттың депутаты ретінде Сіздің күншуақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық мәселелерінің оңтайлы шешілуіне сүбелі үлес қосатыныңызға сенімдіміз. Барлық саладағы жұмыстарыңыз жемісті болсын.



Құрметті Рәшкүл ханым!
Сізді және «Береке-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде еңбек ететін қыз-келіншектердің бәрін көгілдір көктемнің алғашқы мерекесімен шын жүректен құттықтағымыз келеді. Егемен еліміздің экономикасын еселеп, табысын арттыру жолындағы жұмыстарыңыздың жемісті болуына тілектеспіз! Күлімдеп атқан әрбір таң шаңырақтарыңызға шаттық сыйласын!

Ізгі ниетпен,
«Әділет. Рухани жаңғыру» газеті редакциясының ұжымы.

Кенжебай, құтты болсын елу жасың!



Биыл Алла қаласа, шымкенттік Кенжебай Тасубаев ердің жасы – елуге толып отыр. Осы айтулы мерейтойымен құдасы, жазушы-журналист Әбдінағым Көшеров өлеңмен құттықтау жолдайды. Оған біз де тілектеспіз.

Жақындады құдалықпен алыс пен жат,
Үйленгенде Мәдина мен балам – Бекзат.
Бірге туған бауырдай сезінеміз,
Болсақ та қыз алысқан құда-жекжат.

Кенжебайжан, елу жасың құтты болғай!
Отбасыңа бақыт пенен байлық толғай!
Ырыс іздеп барып жүрсің алыстарға,
Сәтті болсын сапарларың шыққан жолға-ай!

Келдің міне, елудің белесіне,
Жақсы ісіңмен қаласың ел есінде.
Кездесіп, жүздесейік десем саған,
Ұстатпайсың, жүйріктей желесің де.

Құттықтаушы Әлия мен Әбдінағым,
Сен туралы айтамын тек жақсы жағын.
Шақырғайсың думаныңа жүзге келіп,
Көріліктің гүлдендіріп қоңыр бағын.

Құттықтаушылар
құда-құдағиың – Әбдінағым, Әлия.

➢ Пайым

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ ӨТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталады. Терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек. Латын әліпбиіне көшу бұл мәселені реттеуге мүмкіндік береді. 2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау қажет.

Бұл күнде Жер шары халқының 70 пайызы латын графикасын қолданады. Яғни, латын әліпбиі Еуропа, Азия, Африка және Америка құрлықтарының көптеген мемлекеттерінің жазу жүйесіне негіз болып отыр. Ал «Латын графикасы әлгіндей әлемдік үстемдікке қалай ие болды?» деген сауалға келер болсақ, біз былай жауап бергіміз келіп отыр:

- Біріншіден, латын графикасының таралуына алдымен Рим империясының тез нығайып, қанат жаюы түрткі болды;

- Екіншіден, христиан дінінің таралуымен байланысты бұл жазу үлгісі Батыс және Солтүстік Еуропа халықтарының байырғы руникалық таңбаларын толықтай ығыстырып шығарды;

- Үшіншіден, Британия империясының жер бетінің бестен біріне үстемдік етуі тікелей себеп болды;

- Төртіншіден, латын графикасының әлемге жаппай таралуына компьютер технологияларының жылдам дамуы, сонымен қатар Интернет байланыс технологиялары да себеп болды;

- Күллі ғаламды шарпыған жаһандану үдерісі, бүгінгі заманауи технологиялар мен инновациялық идеялардың басым көпшілігі бастау алатын ағылшын тілі мен латын графикасының көкжиегін бұрынғыдан кеңейтіп жіберді.

Латын графикасы Түркі әлемін де айналып өткен жоқ. Алдымен, бұл жазу жүйесін бірінші болып 1928 жылы Түркия мемлекеті қабылдаса, 1991 жылдан кейін бұл графикаға егемен Әзербайжан, Түрікменстан және Өзбекстан мемлекеттері де өткен болатын. Біздің елімізде латын әліпбиіне қайта оралу туралы қоғамдық көзқарас 1994 жылы көтерілген болатын. Содан бері бұл бастама көптеген «Дөңгелек үстел» мәжілістері мен ғылыми-теориялық конференцияларда жан-жақты талқыланып, түйінделген пікірлер мен ұсыныстар әрдайым ақпарат құралдарында жарияланып отырды.

Президент Н.Назарбаев қазақ тілінің латын графикасына өтуі туралы нақты пайымын 2012 жылы «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында алға тартқан. Енді міне, араға бес жыл салып Елбасы 2017 жылғы Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруының басталғанын жариялады және тек жариялап қана қоймай, сол Жолдауды іске асырудың нақты тетіктерін өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында түбегейлі айқындап, мемлекеттік тіліміздің латын графикасына кезең-кезеңмен өту жолдарын біржолата түйіндеп берді. Сондай-ақ, Елбасымыздың ағылшын тіліне де ерекше мән бергенін атап өтуіміз керек. Себебі, латын графикасының ағылшын тіліндегі нұсқасының орфоэпиялық ресурстары мен мүмкіндіктері өте мол, сондықтан да ол ресурстар мен мүмкіндіктерді бүгінгі күн тәртібінде тұрған қазақ/латын нұсқасын қалыптастыруда жете пайдалану қажет.

Сондай-ақ, Елбасының қазақ тілінің латын графикасын қалыптастыруда диакритикалық белгілерден аулақ болуды ескертуі өте орынды. Өйткені латын графикасын өз жазу жүйелеріне іргетас етіп отырған француз, испан, португал тілдерінде, сондай-ақ кейбір славян тілдерінде латын таңбаларының асты-үстіне қойылатын диакритикалық белгілер шаш-етектен, ал ағылшын графикасында олар жоқтың қасы. Тіпті ағылшын тілді Word форматындағы компьютердің клавиатурасында диакритикалық белгілер жапсырылған таңбалар атымен жоқ, яғни әріптер тап-таза орналасқан.

Осы тұста айтып өтетін тағы бір жайт: ағылшын тілінің Word форматты компьютер клавиатураларындағы апострофқа (') қатысты. Себебі апострофты диакритикалық белгі деуге мүлде болмайды, өйткені ол – ағылшын тіліндегі тәуелдік жалғауының немесе кейбір сөздердің қысқарып қалатын әріптерінің орнына қолданылатын, сондай-ақ клавиатура бетінде қолжетімді жерде жеке орналасқан толыққанды таңба. Сондықтан да бұл таңбаны (') 1928 жылы қазақтың тұңғыш дипломаты Нәзір Төреқұлов өзі ұсынған қазақ/латын әліпбиінің нұсқасында жуан дауысты [а], [о], [ұ] дыбыстарының жіңішке сыңарлары ретінде, яғни Аа, Оо, Ұұ әріптерінің [ә], [ө], [ү] болып дыбысталуын қамтамасыз ететін ең ыңғайлы тетік ретінде қолданған болатын. Елбасы Н.Назарбаев 2017 жылдың соңына дейін латын қарпіндегі қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеуді ұсынып, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырғаны белгілі. Ал 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйретететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Осылайша алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілетін болады.

Латын графикасына көшу – бүгінгі таңда бізде қолданыста жүрген үш деңгейлі, сондықтан да жыпырлаған таңбаларымен жанарды шаршататын компьютер клавиатурасынан бір деңгейлі таза клавиатураға көшудің ең төте жолы.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды. 2021 жылдан бастап латын әліпбиіндегі жеке куәлік пен басқа да құжаттар берілетін болады және осы секілді жұмыстар латын әліпбиіне көшу жұмыстарының қарқындылығын көрсетеді.

2017 жылдың 27-қазан күні Елбасымыз бекіткен латын қарпіндегі жаңа әліпби 32 әріптен, соның ішінде 9 апострофты әріптен тұрады.

Қорытындылай келе Шәкір Ыбыраевтың «Latyn a'lipbi'ine ko's'y' – qazaq tilinin' halyqaralyq da'rejege s'yg'y'yna jol as'ady Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады» деген сөзімен аяқтағымыз келеді.

Л.У.АЙДАРОВА,
А.Ж.НАЛИБАЕВА,
Шымкент аграрлық колледжі филологиялық пәндер кафедрасының оқытушылары.

➢ Бағдар

ІЗДЕНІС – БІЛІМНІҢ БАСЫ

Біз басымыздан көп зардап өткерген халықпыз. Ашаршылық та шет қалмады. Солай бола тұра тәуелсіздік алып, егемен ел болып қалыптастық. Алға қойған мақсатымыз да айқын. Мұның бір дәлелі: былтырғы жылы «Экспо-2017» көрмесін өткізуіміз болатын. Елбасы өзінің биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «Біз дүниежүзілік ЭКСПО мамандандырылған көрмесін өткізу үшін әлемдік қоғамдастық таңдап алған ТМД және Шығыс Еуропа елдері арасындағы бірінші мемлекет болдық», – деп атап өтті. Бұл халық үшін де, мемлекет үшін де аса жауапты оқиға болды. Әлем елдерінің барлығы дерлік Қазақстанды мойындап, өздерінің айрықша таңданысын білдірді.

Мұнан кейін біз Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған латын әліпбиін бүкіл ел болып талқыладық. Бұл мәселеге келгенде біздің білім мекемесі – Ахмет Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясы да шет қалмады. Басшымыз Құрманкүл Бескемпірқызының бастамасымен бірнеше іс-шаралар өткізілді. Елдің болашағы латын әліпбиімен тығыз байланысты болғандықтан да біз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «2025 жылға қарай іс-қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз», – деп нақты қадамды жасады. Өйткені латын әліпбиі – уақыт талабы және үштұғырлы тіл мәселесі де бұлардан шет қалмақ емес. Әлем елдері арасында озық болып тұруымыз үшін қазақ, орыс, ағылшын тілдерін балаларымызға толық меңгертуіміз қажет. Бұл біздің мектеп үшін де бірінші кезекте тұрған нәрсе. Үш тілде білім беретін гимназия болғандықтан да Елбасы атап өткен білім жүйесіндегі осы бастамаға мектебіміз де өз үлесін қосуда. Қаңтар айында жарық көрген Жолдаудың да жаңалығы сонда Президентіміз: «Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде», – деп кесімді шешім айтуы да тектен тек емес.

Еркіндікке қол жеткізгеннен кейінгі атқарылар шаралар әрине жетіп артылады. Ол жолда жас ұрпақ жігерлі болу керек және озық технологияларды жетік меңгеру қажет болады. Бұл принцип Жолдауда айтылғандай: адами капитал көрсеткіші болып табылады. Ұстаз жаңжақты білімді, заманауи технологиялардан хабары болуы керек дегенді білдіреді. Өйткені Нұрсұлтан Әбішұлы: «Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады», - деді. Жаңа заман ұстазының бүгінгі дәлелі Абайдың:

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас
Үйретуден балаға, –

дегенінің күні туып отыр. Бұл тұрғыда жаратылыстану ғылымының да алар орны ерекше болмақ. Жолдауда: «2019 жылдан 10-11 сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру басталатын болады. Нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді меңгеретін болады», – деп жоспарлануда. Олай болса, болашаққа тәуекел деп ойымызды қорыталық. Атамыз қазақ «көз қорқақ, қол батыр» дегенді босқа айтпаған. Айтқымыздың келгені – әрбір нәрсенің артында ізденушілік жатыр. Үнемі ізденістe жүретін жас буын мақсатын айқын табады. Ізденіс – білімнің басы. Көп айтқаннан бір рет жасап көрген артық. Иә, сөзсіз жарқын болашақтың даңғыл жолы – биылғы Жолдауда жатыр. Талап пен еңбекті ұштастырып биікті бағындырайық. Жас буынның да қалауы осы!



Бибігүл ТЛЕУБАЕВА,
Шымкент қаласындағы
Ахмет Байтұрсынов атындағы
№50 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ӘДІЛЕТ РӘУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым
Меншік иесі:
“Тасс-Media” ЖШС
Директор - Бас редактор
Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ

Бас редактордың орынбасары
Әбдісаттар ӘЛІП
Редакция алқасының төрағасы
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)
Редакция алқасы:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Әбдінағым КӨШЕР
Мұрат СЕРІКБАЙҰЛЫ
Қуанышбек БОТАБЕК *(тілші)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*

Мекен-жайымыз:
ОҚО,
Шымкент қаласы,
Ш.Уәлиханов к-сі
227-үй.
Байланыс үшін тел:
8 (7252) 57-65-79
8 701 394 46 46
8 702 504 67 90
E-mail:
zhangyru@mail.ru
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

Мақала жазбагерінің пікір редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 2000 дана. Тапсырыс - 726.